



Даму
стратегиясы




2-бет

Құқық
кеңістігіндегі
құнды жоба



5-бет

Ақын
жүрегіндегі
Қарағанды



8-бет

Патриотизм – ұран емес, ұстаным

Бүгінде «патриотизм» ұғымы жалаң ұранға айналып, әлеуметтік желіде көзге түсу үшін ғана сөнге айналғандай. Ал, шын мәнінде елге деген сүйіспеншілік – көпірме сөз емес, күнделікті іс пен жауапкершілік. Халықаралық «Түркістан» газетіне берген сұхбатында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев нағыз отаншыл азаматтың жұрттың алдында кеудесін соғып, жасқанбай «патриотпын» деп жар салмайтынын, керісінше, үнсіз жүріп үлкен іс бітіретінін айтты. Президенттің айтуынша, «Айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жарғанның» бәрі патриот емес. Отаншылдық – туған еліңнің, отбасыңның игілігі үшін аянбай еңбек ету, қоқысты жинау, тал егу, табиғатты аялау, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету сияқты күнделікті әрекеттерден көрінетін ұлы сезім.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жан-жақты қарасақ, мемлекет пен қоғамды біртұтастықпен ұстаған нәрсе – азаматтардың күнделікті ісі. Әрбір қарапайым жұмысшының, мұғалімнің, дәрігердің, әскери қызметшінің, мәдениет қайраткерінің еңбегі елдің дамуына тікелей ықпал етеді. Сол себепті, Президент пайымын саралай келе, патриотизм – бұл мінберден айтылатын әсерлі сөзден гөрі, өзіңнің міндетіңді адал атқарып, айналана құрметпен қарап, елдің игілігі үшін еңбек етуді ескерсе керек.

Даңғазадан гөрі, шынайы патриотизм – әркімнің өз елі үшін аянбай еңбек



Қолжазды жасаған Арайлым Қоктаева

етуі, қоғамның тыныштығы мен бірлігін сақтау жолында өзінің үлесін қосуы. Бұл ұғымды түсіну үшін ең алдымен, күнделікті өмірге көз жүгірту де жеткілікті. – Меніңше, отаншылдық деген ұлы сезім жылтырақ сөзбен, жалған әрекетпен бағаланбауға тиіс. Нағыз отаншыл азамат жұрттың алдында кеудесін соғып

көпірмейді, етегі жасқа толып еңіремейді, онды-солды сұхбат беріп ділмәрсімейді. Үндемей жүріп, үлкен іс бітіреді. Отаншыл болу – туған еліңнің, отбасыңның игілігі үшін аянбай еңбек ету деген сөз. Қоқысты жинау, тал егу, табиғатты аялау, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету де – отаншылдықтың белгісі, – дейді Мемле-

кет басшысы сұхбатында.

Президенттің бұл сөзі қоғамдағы жасанды патриотизмге нақты жауап іспетті. Шынайы отаншылдық күнделікті өмірде байқалады. Жұмыс орнындағы адалдықта, қоғамдық тәртіпке бағынуда, қоршаған ортаға жанашырлықта көрініс табады.

➤ 3-бет

• РЕСМИ

Коммуналдық жүйе жаңаруда

Қазақстанда тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласын жақсарту мақсатында 2026 жылдың соңына дейін төрт қалада жана кәріз-тазарту құрылыс нысандары пайдалануға беріледі. Бұл туралы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі баспасөз қызметі хабарлады.

Бұдан бұрын 2025 жылы Ақтау мен Ленгир қалаларында кәріз-тазарту құрылыстары сәтті іске қосылған болатын. Ал, алдағы жылы Атырау, Қызылорда, Қарқаралы және Қаражал қалаларында осындай маңызды инфрақұрылымдық нысандарды халық пайдалануына тапсыру жоспарлануда.

Ресми мәліметтерге сүйенсек, еліміздегі қалалық кәріз-тазарту құрылыстарының көпшілігі ескі және тозған. Қазіргі бағалау бойынша олардың орташа тозу деңгейі 65%-дан асады, бұл санитарлық-эпидемиологиялық ахуалға тікелей әсер етеді. Осы себепті жаңа нысандарды құру мен ескілерін жаңарту – күн тәртібіндегі түйінді мәселелердің бірі.

Болашақ жобалар шеңберінде барлығы 45 кәріз-тазарту құрылысын салу немесе реконструкциялау жоспарланып отыр. Солардың ішінде 7 жоба мемлекеттің кепілдігімен, микроқаржы ұйымдарының несиелері және республикалық пен жергілікті бюджеттер есебінен қаржыландырылады.

Жаңа кәріз-тазарту құрылыстарының іске қосылуы қала тұрғындарының тұрмыс сапасын арттырып қана қоймай, экологиялық жағдайды жақсартуға да зор үлес қосады. Бұл қадам ел игілігі үшін коммуналдық инфрақұрылымды жаңарту бағытында маңызды серпіліс болып отыр.

➤ Өз тілшімізден

Туризмге не тұсау?

Қарағанды облысындағы туризмнің әлеуеті жиі айтылады. Алайда, оны дамытатын маман қат. Табиғаты әсем, тарихы терең өңірде сервисің әлсіздігі, кадр тапшылығы туризмге тұсау. Маусыммен ғана «тіріліп», қыс түсе қайта тұралайтын салада тұрақты жұмыс, кәсіби маман және сапалы қызмет көрсетудің күрмеуі шешілмей келеді. Туризмді дамытуға жоспар көп, ал, оны іске асыратын маман жоқ.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақтағы туризмге тікелей дамуына әсер ететін басты фактордың бірі – маусымдылық. Туристік ағынның негізгі бөлігі көктем-жазға тап келеді. Бұл туристік нысандардың жыл бойы жұмыс істеуіне кедергі. Кадрлардың жұмыста тұрақтауын қиындатады. Маусымаралық кезеңде туристік нысандардың қызметі бәсеңдейді де, қызметкерлердің бір бөлігі өзге салаға ауысуға мәжбүр. Нәтижесінде тәжірибелі мамандар тұрақтамайды.

Өңірдегі кейбір туристік нысандарға апаратын көлік және инженерлік инфрақұрылымның жеткіліксіздігі де тосқауыл болып отыр. Бұл мәселе, әсіресе, шалғай аумақтарда айқын сезіледі және туризмді ортақтандыру үдерісін тежейді.

Қарағанды облысына келетін туристердің басым бөлігі тарихи-мәдени нысандарға, тарих және сәулет ескерткіштеріне, мемориалдық кешендерге, сондай-ақ, табиғи ландшафттарға қызығушылық танытады. Ішкі туризм, әсіресе, танымдық және қысқа мерзімді рекреациялық демалыс түрлері кеңінен таралған.

Бұл бағыттар бойынша сұраныс бар болғанымен, оны толық қанағаттандыру үшін сапалы сервис пен кәсіби мамандар қажет.

– Туризм саласындағы кадр тапшылығы мәселесі тек білім беру жүйесіне тіреліп тұрған жоқ. Мәселенің түп-тамыры – еңбек нарығындағы нақты жағдай мен бизнестің құрылымында. Біздің оқу орнында, туризм мамандығы бойынша даярланған түлектердің басым бөлігі сұранысқа ие. Олар туризм басқармаларында, ұлттық табиғи парктерде, музейлерде, сондай-ақ елімізде және шетелдердегі ірі қонақ үйлерде жұмыс істеп жүр. Негізгі қиындық шағын туристік фирмалармен байланысты. Қарағандыдағы туристік компаниялардың көпшілігі шағын бизнес санатына жатады. Құрамы 2-3 адамнан ғана тұратын мұндай мекемелерде студенттермен жүйелі түрде айналысатын, тәлімгерлік жасайтын штаттық қызметкер жоқ. Көп жағдайда жұмыс берушілер жас мамандан бірден жоғары нәтиже талап етеді, – дейді Қарағанды Қазтұтынуодағы университеті туризм және мейрамхана ісі кафедрасының меңгерушісі, PhD, аға оқытушы Альбина Гарипова.

Университет пен бизнес арасындағы байланысты күшейту бағытында жұмыстар атқарылып жатыр. Қонақ үйлермен,



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

туристік фирмалармен, мұражайлармен меморандумдар жасалып, тәжірибелі мамандар оқу үдерісіне тартылады. Студенттер туризм нысандарында шығу сабақтарына қатысып, жобалар әзірлейді. Сонымен қатар, академиялық үткірлық бағдарламалары арқылы шетелдік жоғары оқу орында-

рында білім алып, халықаралық сервисік стандарттармен танысуға мүмкіндік бар.

– Дегенмен, түлектердің салада тұрақтамауына әсер ететін тағы бір фактор – жұмыс жағдайының күрделілігі. Қызмет көрсету саласы жоғары стресс, маусым кезінде тәулік бойы жұмыс істеу,

әртүрлі мінез-құлықтағы клиенттермен қарым-қатынас орнату секілді талаптарды алға қояды. Практика көрсеткендей, жас мамандардың бір бөлігі мұндай жүктемеге дайын болмай шығады, – дейді Альбина Гарипова.

➤ 7-бет

Даму стратегиясы

Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның жұмысын талқылауға арналған кездесуді комиссия мүшесі, облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Кобжанов өткізді. Кездесуде облыстық мәслихат депутаттары мен Қоғамдық кеңес мүшелері Президент бастамасымен қолға алынған ауқымды парламенттік реформаның негізгі бағыттарын және Конституцияның жаңа редакциясына қатысты алғашқы ұсыныстарды талқылады.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған екі палаталы Парламенттен бір палаталы жүйеге көшуге бағытталған реформаның саяси партиялардың рөлін күшейтуге, парламенттік бақылауды арттыруға және билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті нығайтады. Комиссияның алты отырысында еліміздің жоғары өкілді органын трансформациялау тетіктері мен Ата Заңның жаңа редакциясының тұжырымдамалық негіздері қарастырылып, адам құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттік саясаттың басты басымдығы ретінде бекіту ұсынылды.

– Ұсынылған конституциялық өзгерістер демократиялық институттарды дамытады. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау кепілдіктерін күшейтеді. Бұл – елдің болашағына негіз болатын жүйелі реформа, – деді Нұркен Кобжанов.

Ол қолданыстағы Конституцияның еліміздің егемен мемлекет ретінде қалыптасуында шешуші рөл атқарғанын атады. Алайда, бүгінгі саяси және әлеуметтік-экономикалық ахуал оны жаңғыртуды талап етеді.

– Конституциялық реформа – ауқымды өзгерістердің бастауы. Жаңа Ата Заңда пікір алуандылығына шектеу жоқ, сондықтан, әр азаматтың өз көзқарасын білдіріп, сұрақ қоюы – конституциялық құқығы. Азаматтық қоғамның дамуы мен қоғам белсенділерінің стратегиялық шешімдерге қатысуы – демократиялық өзгерістердің көрінісі. Ал, Халық кеңесінің құрылуы және оның Ата Заңда бекітілуі зайырлы қоғамды дамытуға серпін береді, – деді Қоғамдық кеңес төрағасы Серікжан Байбосынов.

Кездесу барысында «AMANAT» пар-

тиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков Қазақстанда қолға алынған конституциялық реформаның тарихи маңызына кеңінен тоқталды. Мәлімдеуінше, ел тарихындағы ең ауқымды саяси өзгерістердің бірі саналатын бұл реформа демократиялық қоғам қағидаттарын толық қамтитын Ата Заңның жаңа редакциясын қалыптастыруға бағытталған. Жаңа Конституция жобасының ерекшелігі – халықтан түскен екі мыңнан астам ұсыныс негізінде әзірленуі.

Сондай-ақ, ол Парламенттік реформаны іске асыру жөніндегі комиссия жұмысының ашық форматта өткенін, құрамында белгілі ғалым-заңгерлер мен қоғам қайраткерлері болғанын атап өтті.

Спикер Конституция жобасының негізгі басымдықтарына да тоқталып, бір палаталы жаңа Парламент – Құрылтайдың құрылуы, Қазақстанның Халық Кеңесін қалыптастыру, вице-президент институтын енгізу, адвокатура мен зияткерлік меншік құқықтарын конституциялық деңгейде бекіту секілді жаңашылдықтарды атады.

Ал, облыстық мәслихат депутаты Ар-



ман Әлімжановтың айтуынша, Конституциялық заң аясында жекелеген аумақтар үшін арнаулы құқықтық режимдерді енгізу мүмкіндігі өңірлердің әлеуетін ашуға, басқарудың тиімді үлгілерін қалыптастыруға және инвестициялық белсенділікті арттыруға жол ашады.

Сонымен қатар, депутат жаһандық экономиканың терең трансформация кезеңінен өтіп жатқанын, бұл жағдайда креативті экономика, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект елдердің бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын негізгі факторларға айналғанын айтты.

– Бұл құжат кәсіпкерлікті қолдауға, инновациялық және креативті жобаларды дамытуға, жаңа жұмыс орындарын құруға



және жастар мен талантты мамандарды елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына кеңінен тартуға берік негіз қалайды, – деді ол.

Облыстық мәслихат депутаты, өнеркәсіп, шағын және орта бизнесті дамыту, аграрлық және жер мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның мүшесі Ермек Әбілдин ұсынылып отырған өзгерістер қазіргі заманғы сын-қатерлерге жауап беріп қана қоймай, мемлекеттілікті нығайтуға, тұрақтылықты қамтамасыз етуге және халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталғанын айтты. Депутат мемлекеттік басқаруды оңтайландыруға ерекше назар аударды.

– Өкілеттіктердің нақты бөлінуі мен Президенттің Конституцияның кепілі ретіндегі үйлестіруші рөлін күшейту стратегиялық шешімдер қабылдаудың жеделдігі мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде әлеуметтік-экономикалық бағдарламалар мен ұлттық жобаларды жүйелі іске асыруға, сондай-ақ, күрделі геосаяси жағдайда мемлекеттің қорғаныс қабілеті мен қауіпсіздігін нығайтуға ықпал етеді, – деді депутат.

«Ауыл» партиясының Қарағанды облысы бойынша филиалының саяси кеңесінің төрағасы, Ұлттық ғылым академиясының академигі Серғазы Әдеkenов Конституцияның жаңа редакциясы қоғамда кеңінен талқыланып жатқанына да назар аударды.

Серғазы Мыңжасарұлы Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Жаңа Қазақстан», «Әділетті Қазақстан», «Таза Қазақстан» қағидаттары жаңа Конституция мәтінінде жүйелі түрде қамтылғанын жеткізіп, адами капиталды, білім беру, ғылым мен инновацияны дамыту мемлекеттің стратегиялық басымдығы ретінде бекітілгеніне тоқталды.

Сонымен қатар, депутаттар Ата Заңның ұсынылған жаңа жобасы туралы қоғам тарапынан түрлі ұсыныс-пікірлердің де айтылып жатқанын да, назардан тыс қалдырмады. Өйткені, мемлекетіміздің басты заңы жөнінде өз пікірін, ойын білдіруге әр азамат құқылы.

Кездесу барысында айтылған пікірлер мен ұсыныстар Конституцияның жаңа редакциясы ел дамуының қазіргі кезеңіне толық сай келетінін аңғартты. Қатысушылар бұл реформаны саяси жүйені жаңғыртуға, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға, азаматтық қоғамды нығайтуға және адам капиталын дамытуға бағытталған стратегиялық қадам ретінде бағалады. Жаңа Ата Заңның кең қоғамдық талқылау арқылы қабылдануы Қазақстанда демократиялық үдерістердің орныққанын және қоғамның ел болашағына бейжай қарамайтынын айқындайды.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• Өңірлерді дамыту

Қауіпсіздікке нақты қадам

Шет ауданында халық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды нысан жаңартылды. Ақсу-Аюлы ауылында қайта жаңғыртудан өткен №14 өрт сөндіру бөлімі пайдалануға беріліп, шалғай елдімекендерде төтенше жағдайларға жедел әрекет ету мүмкіндігі айтарлықтай артты.



Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңартылған өрт сөндіру бөлімі заманауи техникамен, арнайы автокөліктермен және жаңа құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілді. Бұл құтқарушылардың тек өрт сөндіру ғана емес, апаттық-құтқару, іздестіру және алдын алу шараларын да тиімді жүргізуіне жол ашады.

Нысанның ашылу рәсімінде облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев құтқару қызметінің материалдық-техникалық базасын нығайту – өңірлік қауіпсіздік саясатының басты бағыттарының бірі екенін атап өтті.

– Өрт сөндірушілер әрдайым алғашқы болып көмекке келеді. Олардың дайындық деңгейі мен жабдықтауы – тұрғындардың қауіпсіздігінің кепілі. Өткен жылы жергілікті бюджет есебінен еуропалық өндірістегі 59 жиынтық жауынгерлік киім, гидравликалық апаттық-құтқару құралдары, радиостанциялар, спутниктік телефондар, бейнестірікшітер, ұшқышсыз ұшу аппараттары және өзге де қажетті жабдықтар сатып алынды, – деді облыс әкімі.

№14 өрт сөндіру бөлімі материалдық-техникалық базасын толық жаңартып қана қоймай, қызмет көрсету сапасын арттыруға бағытталған жаңа форматта жұмыс істей бастады. Алдағы көктемде бөлімге іргелес аумақты абаттандыру жоспарланған.

Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов бұл жобаның өңірлік қауіпсіздікті нығайтудағы маңызын атап өтті.

– Шет ауданындағы барлық тұрғындарды жаңартылған бөлімнің ашылуымен құттықтаймын. Бұл жоба облыс әкімдігі, Төтенше жағдайлар министрлігі және ТЖД қызметкерлерінің бірлескен еңбегінің нәтижесі. Жаңа формат тиімділігін көрсетеді және алдағы уақытта басқа ау-

дандарда да енгізіледі, – деді министр.

Ашылу салтанаты барысында бөлімге алты Toyota Hilux жедел-қызметтік автокөлігі, екі «ТРЭКОЛ» жол талғамайтын техникасы және бір реанимобиль табысталды. Бұл көліктер ауданның кең аумағы мен жолы қиын елдімекендерде төтенше жағдайларға жедел жетуге мүмкіндік береді.

ТЖД бастығының орынбасары Еркін Отарғалымұлы жаңа техниканың стратегиялық маңызын ерекше атап өтті:

– Өрт сөндіру бөлімі – ауданның қауіпсіздік жүйесін жаңа деңгейге көтеретін маңызды нысан. Заманауи техника кез келген жағдайда жедел әрекет етуге мүмкіндік береді, – деді ол.

Бөлім командирі, 2014 жылдан бері қызмет етіп келе жатқан Нұрсұлтан Советов жаңартудың қызметкерлер жұмысына оң әсерін тигізгенін айтты.

– Бұрын техника мен арнайы киім жеткіліксіз болатын. Қазір барлық жағдай жасалған, жабдықтар заманауи әрі ыңғайлы. Мемлекеттің қолдауын сезінеміз, енді тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге толық дайынбыз, – деді ол.

Ал, ауыл тұрғыны Бөгенбай Тоқбергенов бұл жаңартуды аудан үшін маңызды оқиға деп бағалады.

– Ғимарат кең, техника жаңа. Мұндай өзгерістер қауіпсіздікті күшейтеді. Оның үстіне мұнда менің ұлым қызмет етеді – бұл бұл үшін үлкен мақтаныш, – деді ақсақал.

Аймақтағы құтқару қызметін жаңғырту жұмыстары алдағы уақытта да жалғасады. Биыл АЛ-55 үлгісіндегі екі автосаты жеткізу жоспарланып отыр. Бұл өрт сөндіру бөлімшелерінің техникалық мүмкіндіктерін одан әрі кеңейтпек.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ӘЛЕУМЕТ

Қолдау ауқымы кеңейеді

Кәсіп бастауға ниетті әлеуметтік осал санаттағы азаматтарға қолдау зор. Мемлекеттік гранттар көбейіп, ерекше жандар мен аз қамтылған отбасылар, қоныс аударушылар, қандастар, ерекше бала тәрбиелейтін ата-аналар үшін жаңа мүмкіндік көкжиегі кеңейе түсуде. Биыл облыста 510 бастауыш кәсіпкер грант иегері атанады деп жоспарлануда. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда екі есеге ұлғайған.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының дерегіне, бір гранттың ең жоғары мөлшері 400 айлық есептік көрсеткішті құрайды. Биылғы есеп бойынша бұл – 1 миллион 730 мың теңге. Қаржы кәсіпкерлік бастамамы іске асыруға, құрал-жабдық алуға, өндірісті немесе қызмет көрсету саласын жолға қоюға жұмсалады.

Грант алу конкурстық негізде жүзеге асырылады. Іріктеу барысында жобаның әлеуметтік маңыздылығы, экономикалық орнықтылығы, нарықтағы сұранысқа сәйкестігі және жаңа жұмыс орындарын құру әлеуеті басты назарға алынады. Яғни, тек табыс табуды емес, қоғамға пайда әкелуді көздейтін жобаларға басымдық беріледі.

Салыстырмалы түрде айтсақ, биылғы облыста 225 адам мемлекеттік грант иегері атанған. Осы қаржының есебінен өңірде түрлі кәсіпкерлік нысандар ашылды. Олардың қатарында тігін ательелері, әлеуметтік павильондар, ұлттық нақыштағы бұйымдар өндіретін шалғын цехтар, үй жағдайында дайындалатын жартылай фабрикалар, балалар ойын-сауық орталықтары, ет және сүт өнімдері дүкендері, аспаздық бағыттағы кәсіпорындар, кілем тоқу студиялары, кли-

нингтік қызметтер, жеткізу сервистері, табиғи морс өндіру және жылдам тамақтану орындары бар.

Биылдан бастап осы бағыттағы қаржыландыру көлемін екі еседен астам арттыру көзделуде. Іріктеу талаптары өзгеріссіз қалады. Бұл, бір жағынан, талаптың әділ әрі ашық екенін көрсетсе, екінші жағынан, грант алуға ниетті азаматтарды жауапкершілікке үндейді.

Мемлекеттік қолдауды мұндай тетігі өңірде шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына серпін беріп отыр. Әсіресе, табысы тұрақсыз немесе жұмыссыз жүрген азаматтар үшін бұл бастама еңбекке араласудың тиімді жолына айналууда. Сарапшылардың айтуынша, гранттық қаржыландыру тек кәсіп ашуға емес, жергілікті нарықтағы қызмет пен өнім түрлерінің көбеюіне де ықпал етеді. Нәтижесінде өңір экономикасының әлеуметтік бағыттағы әлеуеті нығая түсуде.

Сонымен қатар, мемлекеттік қаражаттың мақсатты әрі тиімді игерілуіне қатаң бақылау жүргізіледі. Грант алған кәсіпкерлер 12 ай өткен соң міндетті түрде мониторингтен өтеді. Соңғы тексерулер нәтижесінде 18 кәсіпкердің қаражатты мақсатсыз пайдаланғаны анықталған. Бұл жағдай мемлекеттік қолдаудың жауапкершілікпен пайдаланылуы тиіс екенін айқын аңғартады.



• КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА

Құндылыққа бағдарланған құжат

Баршаларыңызға белгілі, Қазақстан мемлекеті өзінің тарихында ең елеулі деген саяси реформа табалдырығында тұр. Ата Заңымыздың жаңа нұсқасы демократиялық қоғам қағидаттарын толық қамтыған тарихи құжаттың жобасы ретінде халықтың талғам таразысына ұсынылды. Ең әуелі, бұл жобаның ресми биліктің шаблондық нұсқасы негізінде емес, алты ай бойы халықтан түскен 2000-нан астам ұсыныстар есепке алына отырып, 2025 жылдың 8 қазанында құрылған Парламенттік реформаны іске асыру жөніндегі арнайы жұмыс тобының егжей-тегжейлі сүзгісінен өтіп барып әзірленгенін ескергеніміз жөн.

Иә, бізді өзгерістер күтіп тұр. Уақыт талабын елемейтін, ескі сұрлеуден жаңылмайтын болсақ, бұл келер ұрпақ кешірмейтін тарихи қателік болар еді. Сондықтан, әлем өзгеріп, тұтас адамзат дәуірі цифрлық трансформация талаптарымен бетпе-бет келіп тұрған күрделі кезеңде бағытымызды айқындап, тарихи мақсаттарымызды пысықтап алуымыз керек. Оның үстіне, уақыт безбені, яғни, бүгінгі жаһандану дәуірі Мемлекеттің болашағы минералды ресурстар мен табиғи байлыққа емес, адами капиталға, ғылым-білім мен азаматтардың жетістігіне мүдделі екенін айқын сезіндіріп отыр.

Дүйім дүние, барша адамзат қоғамы түбегейлі бетбұрыстар жасап жатқан кезеңде бізге де жаңғыру міндеттері туындады. Дана қазақта «Таң атпайын десе де, күн қоймайды» деген қанатты қағида бар. Бүгінгі Конституциялық реформа – тура осы сипаттағы ахуал негізінде қолға алынып отырған саяси құбылыс. Өзгеріске біз бармасақ, өзгеріс өзі келеді. Өйткені, тұтас әлем өзгеріп жатыр.

Ал, енді әңгіме желісін Конституциялық реформа жөніндегі комиссия бір аптадан астам уақыт бойы жан-жақты талқылап, 30 қаңтар күнгі шешімімен қабылдаған Ата Заңның жаңа редакциясы жайына бұрайын.

Президент Жарлығымен құрылған Конституциялық реформа жөніндегі комиссия құрамына еніп, осы бір тарихи маңызды кезеңде ел болашағы үшін пікір білдіріп, ұсыныс айту мүмкіндігіне ие болғаным маған зор жауапкершілік жүктеді. Комиссия мүшесі болу мансап емес, ұлы мақсат екенін түсіндім. Жасыратыны жоқ, кейде атқарушы биліктің көңілге қона қоймайтын шешімдері мен жобаларын сынаған кездеріміз болады ғой. Әр нәрсенің байыбына бармай, оның қалай әзірленгені, қандай дәрежеде талқы-



Қазақстан Республикасының Конституциясы

ланғаны туралы бейхабар бола тұра, пікір білдіруге асығатынымыз да бар. Комиссияның алғашқы күнінде-ақ бәрін оңай көретін, келте ойлайтын сәттер бәрі көз алдыма келді. Ойландым, ойландырды.

Комиссия құрамында елімізге белгілі ғылым-заңгерлер, қоғам қайраткерлері, қоғамның белсенділерімен бірлесе жұмыс жасадық. Әркімнің ойы – әрқалай. Жұмыс секцияларындағы пікірталастар мен ой талқысы – мүлде бөлек әңгіме. «Инемен құдық қазғандай» қыруар еңбек жасалды. Мүдде ортақ болғанмен, пікір алуандығы, комиссия мүшелерінің білім-білігі мен ел тағдыры жолындағы жауапкершілігі ешкімнің бұл жұмыс тобына кездейсоқ келмегендігін танытты. Бір-бірімізге өкпе арта тұрып, ортақ мәмілеге келдік.

«Комиссияның құрылуын секторлық өзгерістерден кешенді конституциялық трансформацияға өтудің көрінісі ретінде қарастыруға болады. Оның алдында маңызы ерекше тарихи миссия тұр. Ол – бір жағынан Ата Заңда конституциялық құрылыстың негізгі принциптерін сақтау, екінші жағынан қазіргі заманғы сын-қатерлерге лайықты көзқарасты білдіру мүмкіндігін қамтамасыз ету», – деді Конституциялық Соттың төрағасы Эльвира Азимова. Бірнеше күнге созылған талқылауда және негізгі шешім қабылданар тарихи сәтте барлық комиссия мүшелері осы талап үдесінен шыға білді.

Сонымен, түпкі нәтиже қандай?

Бүгін сіздер танысып отырған Конституцияның жаңа редакция жобасының 84 пайызы жаңадан жазылды. Мен комиссия мүшесі ретінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Ұлттық Құрылтайдың V отырысындағы бастамасы негізінде жаңадан құрылғалы отырған Халық Кеңесінің өкілеттігі мен қызметі жөніндегі құқықтық нормаларға Конституцияның жаңа редакциясында басымдық беру туралы ұсынысымды ортаға салдым.

Комиссияның барлық отырыстары ашық форматта өткізіліп, тікелей эфир арқылы барша қазақстандықтардың назарына ұсынылды. Сөт сайын барлық деңгейдегі БАҚ-тарда шынайы ақпарат беріліп отырды. Әлеуметтік желілерде комиссияның әр күнгі жұмысы жайлы ілеспелі талқылау туындап, сыни көзқарас та, қолдау пікірлер айтылып жатты. Қарапайым азаматтардың бұл бағыттағы пікірлері қазақстандық қоғамда шынайы демократия қалыптасқанын аңғартады және мені ел азаматтарының саяси реформаға немқұрайды қарамайтыны қуантты.

Дегенмен, мемлекеттік тіл, жер сату мәселесіне қатысты жаңсақ пікір айтып, жалған ақпарат таратып жатқан замандастарымыздың болғаны да жасырын емес. Қоғамда өзіндік орны бар, жалпы халық зиялы санайтын, өзін ерекше құрметтейтін кейбір жандардың қиғаш пікір айтып, орынсыз сын жазғаны оғаш

көрінді. Әрине, еліміздің болашағы, тіл саясаты, басқа да рухани құндылықтар жөніндегі мәселе бәрімізді де толғандырады. Дәл бүгінгідей жауапты сәтте біздің замандастарымыз парасатының пайымына арқа сүйіп, шынайы патриоттың сөзін сөйлесе екен!

Сондай-ақ, бүгінгі таңда қызу талқыға түсіп жатқан тіл саясаты мен жер сату мәселесіне қатысты комиссия ұстанымы туралы мағлұмат бере кетейін.

Қазіргі қолданыстағы Конституцияда қазақ тіліне ерекше мәртебе берілген. «Қазақ тілі – Мемлекеттік тіл» деп, «тайға таңба басқандай» айқын нақтыланған. Мемлекеттің тілге деген құрметіне өлшем боларлық норма бар. Іс жүзінде де Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, қолданыс аясын кеңейту жөнінде де қыруар жұмыс жасалып жатыр. Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңіндегідей емес, бүгінгі таңда Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының бөделін көтеру бағытында да ауқымды жұмыстар атқарылды. Тікелей Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауымен «Қазақ тілі» қоғамын қаржыландыру мәселесі түбегейлі шешілді.

Ал, жер мәселесіне келетін болсақ, қолданыстағы Конституцияның 6-бабы 3-тармағындағы жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі және басқа да табиғи ресурстар туралы тұжырым өзгертілген жоқ. Әлеуметтік желідегі ақпарат – жалған.

Ата Заңымыздың жаңа редакциясы халықтың ашық талқылауына ұсынылды. Талқылау барысында әлгіндегідей жалған ақпарат таратып, жаңсақ пікір айтудан сақ болсақ екен. Конституция – мемлекеттігіміздің негізі, болашағымыздың кепілі. Конституция арқылы барлық заңдарымыздың құқықтық нормасы нақтыланып, бағыты айқындалады. Қазақстандық халық Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және егемендіктің несі ретінде бекітілген жаңа жобаны байыппен талқылап, парасатпен қабылдау керек деп ойлаймын.

Сонымен, Конституция жобасының негізгі басымдықтар қатарында келесі өзгерістерді атауға болады:

– 145 депутаттан тұратын және жаңа, кеңейтілген өкілеттіктерге ие бір палаталы жаңа Парламент – Құрылтай құрылады. Оны құру кезінде пропорционалды сайлау жүйесі қолданылады, ал, депутаттардың өкілеттік мерзімі 5 жылды құрайды.

Пропорционалды жүйе партиялардың кадрлық саясатын дамытуға, олардың институционалдық ролін арттыруға және саяси күштердің қоғам алдындағы жауапкершілігін күшейтуге ықпал етеді.

– Жаңа жалпыұлттық диалог платформасы – Қазақстанның Халық Кеңесі құрылады, ол Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ұлттық Құрылтайдың стратегиялық функцияларын жалғастырады. Бұл Қазақстан халқының мүдделерін білдіретін, заң шығару бастамасы құқығына ие жоғарғы консультативтік орган болады.

– Вице-президент институтын құру. Ол ҚР Президентінің атынан Қазақстан мен шетелдердің қоғамдық-саяси, ғылыми және мәдени-ағартушылық ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асырады.

– Адвокаттық қызметке және адвокатураға арналған арнайы бап алғаш рет Конституцияда бекітіледі.

– Зияткерлік меншік құқығын қорғау қамтамасыз етіледі.

Қорыта айтқанда, Конституцияның жаңа редакциясындағы басты ерекшелік – оның адам құқықтарына бағдарлануы. Осындай салмағы, басқа да бағыттары мен ерекшеліктері ресми ақпарат көздері арқылы насихатталып, халыққа ұғынықты тілде түсіндірілуі керек. Сонда ғана жарқын болашаққа кепіл болар Ата Заңымыз кепілдіктеріне қол жеткіземіз.

Баршаымыздың тағдырымыздағы тарихи сәтте даналықтың тамаша үлгісін көрсетейік!

Бекзат АЛТЫНБЕКОВ,
«AMANAT» партиясы
Қарағанды облыстық филиалының
төрағасы, Конституциялық реформа
жөніндегі комиссияның мүшесі

Патриотизм – ұран емес, ұстаным

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл ұғымды сөзбен ғана емес, іс-әрекетпен дәлелдейтін адамдар қоғамның тыныштығын сақтаушы, елдің бірлігін нығайтушы күшке айналады. Өйткені, елдің дамуы тек мемлекеттік бағдарламалар арқылы емес, әрбір азаматтың күнделікті еңбегімен, жауапкершілігімен құралады.

– Қазіргі жастардың талапшыл, талғампаз екенін, олардың азаматтық сана-сезімі жоғары екенін ескерсек, олардың болашаққа деген үміті мен сенімі – қоғамның дамуы үшін маңызды күш. Дегенмен, бұл үміт тек арман-оймен шектелмесе құба-құп. Жастар нақты өмірде, нақты еңбек арқылы өз орнын табуы тиіс. Виртуалды әлемнің жетегіне еріп, тек желіде ғана белсенді болып қалу – патриотизмнің көрінісі емес, – дейді зейнеткер Айтқұл Сапарханқызы.

Мұндай көзқарас еліміздегі бірлік пен татулықтың сақталуына да тікелей байланысты. Шынайы патриотизм – дәл осы бірлік пен тыныштықты күн сайын өз ісімен нығайта түсу. Мәселен, Түркияда көшелерде қызыл ту желбіреп, Ататүріктің портреті, ескерткіштері менмұндап тұрады. Бұл оларға рух сыйлайды. Қазір Түркия – ең дамыған елдер қатарында.

Ал, Қаныш Сәтбаев бастаған ғалымдар екінші дүниежүзілік соғыс кезінде қазақтың эпостық жырлары мен батырлар жыры арқылы жауынгерлердің жігерін жанып, рухын сілкіндірген. Мұхтар Мағауиннің ұлы Едіге Мағауин болса, естелігінде Кеңес әскері сапында жүргенде әкесінің «Аласапыран» романын оқып, рухын қамшылап жүргенін айтады.

Облыс аумағында жас буынды патриотизмге тәрбиелеу бағытында жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Яғни, бұл – мектептен бастап қоғамдық өмірдің барлық саласында тұрақты түрде жалғасып жатқан үрдіс.

Былтырдан еліміздің барлық білім беру ұйымдарында «Адал азамат» атты



бірыңғай тәрбие бағдарламасы енгізілген. Бұл бастама «Біртұтас тәрбие» тұжырымдамасының жалғасы ретінде, Мемлекет басшысының «Адал азамат – адал еңбек – адал табыс» идеологиялық қағидасымен үндеседі. Еңбегің мақсаты – оқушыларға адалдық, еңбекқорлық, патриотизм және елжандылық қасиеттерін сіңіру, мектеп пен қоғам арасындағы байланысты нығайту. Бір ерекшелігі – барлық мектептерде бірыңғай визуалды стандарттың енгізілуі.

Патриотизмді насихаттаудың бір бөлігі ретінде облыста мемлекеттік рәміздерді құрметтеу жұмысы да жүйелі жүргізілуде. Мысалы, Мемлекеттік рәміздерді насихаттау және қолдану жөніндегі облыстық инспекциялық топтың жұмысы аясында Қарағандыдағы М.Жұмабаев атындағы гимназия мен №17 мектепте бастауыш сынып оқушыларымен бірге Мемлекеттік Гимнді орындау шарасы тұрақты өтеді. Балалардың гимнді зор патриоттық сезіммен орындауы – бұл ұлттың бірлігі мен рухының айқын көрінісі.

– Патриотизм ұғымын күнделікті тұрмыстан бастаған жөн. Күнде жүретін жолда көлік қозғалысына бөгет жасайтын киыршық тас жатса, оны алып тастаудың өзі де – патриоттықтың белгісі. Мысалы, мен ұл-қыздарыммен бірге демалыс күндері уақыт өткізіп, кітап оқуға дағдыландырамын. Танымдық, тағылымы мол туындыларды бірге оқып, дастархан басында талқылаймыз. Әсіресе, ең ерекше әсер еткені – Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» кітабы. Бәрімізді біріктіретін ортақ құндылық – отбасы десек, кітапта көп дүние қамтылған. Барлық даңғыл жолға жінішке ғана соқпақ арқылы барамыз, – деді қарапайым жұмыскер Мақсат Жандосов.

Жастардың азаматтық ұстанымын қалыптастыруда «Жас сарбаз» қозғалысы да маңызды рөл атқарады. 2018 жылы ресми түрде тіркелген бұл қозғалыс бүгінде еліміздің барлық өңірінде филиалдары бар ірі тәрбие жүйесіне айналды. Бұдан бөлек, облыста «Жас сакшы» сыныптары ашылып, құқықтық сауат пен патриоттық сезімді қалыптастыру бағытындағы жұ-

мыстар жанданып келеді.

Қазір жас сақшылар қатары 150 оқушыға жуықтаған және бұл сан күн санап өсіп келеді.

– Меніңше, нағыз патриотизм – ұлт деп соққан жүрек. Шағым айта бермей, оны ішкі рухпен сезіне білу. Бәрін өзгенден талап етпей, өзіңнен бастап, өз қолыңнан келетін дүние арқылы ел болашағына үлес қосу. Әркім өз тарапынан, қолынан келгенше қызмет етсе, еліміз өрге қарам басар еді. Мәселен, мен қазақ тілін әлемдік тіл қатарына қосуға үлес қосқым келеді. Қолымнан келетіні – бабамның тілінде өлең жазып, қазақтың ақыл-ойына үн қосып, сол үнді болашаққа жеткізу, – дейді ҚарҰЗУ ІІ курс студенті Нұрасыл Аманжол.

Патриотизмді дамыту үшін шет елдердің тәжірибесіне де үңілген жөн. Дамыған елдер көбіне мектептегі тәрбие, қоғамдық мерекелер және азаматтық міндеттер арқылы елге деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін қалыптастырады. Мысалы, Жапонияда ұлттық тарих пен дәстүрлерді мектеп бағдарламасына енгізіп, мерекелер арқылы бірлікті нығайтады. Ал, Канадада көпмәдениеттілік пен әртүрлі ұлттардың құқығын құрметтеу арқылы патриотизмді «барлық азаматтардың тен құқылы ортада өмір сүруі» ретінде түсіндіреді. Оңтүстік Кореяда жастардың елге деген жауапкершілігін әскери қызмет пен азаматтық міндеттер арқылы күшейтеді.

Нұркен Әбдіров атындағы жалпы білім беретін мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айжан Ерсайынқызы да осы бағытта атқарып жатқан жұмыстарына тоқталды.

– Біздің мектептегі Жас сарбаз сыныптары – тәрбие ісінің маңызды бөлігі. Болашақ сарбаздарды тәрбиелеу арқылы оқушыларға тәртіпті, жауапкершілікті және патриотизмді күнделікті өмірде нақты жүзеге асыруды үйретеміз. Әсіресе, 16 желтоқсанда Тәуелсіздік күніне

орай ұйымдастырылатын ант қабылдау рәсімі оқушылардың жүрегіне елге деген сүйіспеншілікті, ұлтқа деген құрметті бекітеді. Бұл оқиғадан кейін олар өздерін елдің болашағы ретінде сезінеді, өз міндеттерін саналы түрде орындауға дайын болады, – дейді ол.

Сонымен қатар, Жас сарбаз сыныптары түрлі тәрбие шаралары мен әскери бөлімдердің тыныс-тіршілігімен танысып, іс жүзінде бірлік, тәртіп, ерлік сияқты қасиеттерді бойына сіңіреді. Ауқымды мерекелік және әскери-патриоттық шараларға қатысу арқылы оқушылардың өзін-өзі басқаруы, командалық рухы артады. Сапта жүру, командирмен бірге шыңдалу арқылы әскери дағдыға бейімделеді. Ортақ мақсатқа бірлесіп ұмтылу – өмірлік дағды, қоғамда қажет болатын тәртіп пен жауапкершілік.

– Шынымды айтсам, патриотизм дегенді аса түсінбеймін. Бір білетінім әркім өз тілінде сөйлесе, қазақ қазақпен қазақша сөйлесе деймін. Бала-шағасына, отбасына қамқор болып, ағайынмен етене араласып, қуанышына ортақтасып, қайғысын бөлісу де отаншылдық емес пе? Өйткені, алдымен өзін жарылықамаған адам өзгені жарылықауы екіталай. Тіпті, қолыңнан келетін жұмыспен айналысудың өзі ерлікке тең дер едім, – дейді қала тұрғыны, жетпісті алқымдаған ақсақал Абдолла Исабаев.

Байқасақ, патриотизм – ұранмен емес, ол адамның күнделікті өміріндегі тәртібімен, еңбегімен және жауапкершілігімен қалыптасатын терең рухани құндылық. Елге деген сүйіспеншілік адал қызметтен, заңды құрметтеуден, табиғатты аялаудан, білім мен тәрбиеге мән беруден басталады. Мемлекет ұстанымы, қоғамдық тәжірибе және мектептегі жүйелі тәрбие бір арнаға тоғысқанда ғана шынайы отаншыл, ел болашағына бейжай қарамайтын саналы азамат қалыптасатынын атап өткен жөн.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБІҒАЛЫМ

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Ішкі саясат: қорытынды және басымдықтар

2025 жыл Мемлекет басшысы белгілеген мемлекеттік күн тәртібін іске асырудағы маңызды кезең болды. Құқықтық тәртіпті күшейту, еңбек құндылықтарын ілгерілету, жұмысшы кәсіптерінің мәртебесін арттыру, жауапкершілік пен азаматтық жетілу мәдениетін қалыптастыру сияқты Президент Жолдауында және «Заң және тәртіп», «Таза Қазақстан», «Адал Азамат», «Әділетті Қазақстан», «Жұмысшы мамандықтарының жылы» идеологемаларында белгіленген басымдықтар – өңірде нақты жобалар мен іс-шаралар арқылы іске асырылды.

«Заң және тәртіп» идеологемасына енгізілген принциптер басқарма жүзеге асырған жобалар мен акциялар арқылы практикалық мазмұнға толы болды. Жыл ішінде құқықтық сауаттылықты арттыруға және құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған 1,5 мыңға жуық іс-шара өткізілді.

Құқық қорғау органдарымен бірлесіп, жоғары оқу орындары мен колледждерде дәрістер мен кездесулер ұйымдастырылды, еріктілердің қатысуымен есірткі құралдарының жарнамасын жою бойынша рейдтер өткізілді. Бұл жұмыста аталған мәселелердің алдын алуға және халықпен – ең алдымен, жастармен тікелей өзара іс-қимылға ерекше назар аударылды. Облыстың барлық қалалары мен аудандарында «Абайлаңыз, алаяқтар!», «Өз мүлкіңді сақта!», «Жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы!», «Есірткіге жою», «Түнгі қаланың балалары», сондай-ақ, кемелетке толмағандарға ішімдік пен темекі өнімдерін сатуға қарсы «Өзіңнен баста!», «21+», «STOP SALE» профилактикалық акциялар өтті.

Бірақтар бастамалар жергілікті жерлерде тұрақты және өлшемдік әсер көрсетті. Ақтоғай, Қарқаралы, Осакаров, Шет, Нұра, Бұқар жырау және Абай аудандарының 69 елдімекенінде «Ішпідісіз ауыл» жобасы жүзеге асырылуда. Соңғы үш жылда бұл ауылдарда бірде-бір қылмыс тіркелмеген, бұл бағдарламаның тұрақты профилактикалық әсерін растап отыр.

Жергілікті жобалармен қатар өңірде құқықтық мәдениетті арттыру бойынша жүйелі жұмыстар құрылған. ҚР Бас прокуратурасы жанындағы жобалық кеңеснің жұмысы шеңберінде өңірде облыстық прокуратураның үйлестіруімен мемлекеттік және құқық қорғау органдарына ашықтық пен сенімділікті арттыруға бағытталған «Құқықтық тәртіп әліпбиі» қоғамдық акциясы іске асырылуда. Тұрғындардың жанды жауабы мұндай жұмыстың қажеттілігін көрсетті, сондықтан, акция 2026 жылы да жалғасатын болады.

Жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру ол заңды сақтаудан бастап, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға дейін жұмыстың негізгі бағыттарының бірі болып қала береді. «Таза Қазақстан» экология-

лық бағдарламасы облыстың барлық қалалары мен аудандарын қамтыды. 2025 жылы іс-шараларға 110 мыңнан астам тұрғын қатысты.

Бастама тек сенбілік форматында ғана емес, сонымен қатар экологиялық мәдениетті және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыра отырып, экофестивальдер, акциялар, челленджер және қоғамдық форматтар арқылы жүзеге асырылады.

Экологиялық күн тәртібінің маңызды бөлігі оның жүйелі ақпараттық қолдауы болды. БАҚ-та тақырыптық айдарлар ашылды, өңірлік телеарналарда күн сайын арнайы бейнематериалдар шығады, волонтерлер мен экоактивистердің қатысуымен тақырыптық хабарлар ұйымдастырылды. Ақпараттық қамтуды кеңейту үшін 177 баннер орнатылды, LED-экрандарда, медиабордтарда және адамдар көп жиналатын орындарда – вокзалдарда, әуежайларда, саябақтарда, сауда орталықтарында, ХҚКО-ларда және қоғамдық көліктерде бейнероликтер көрсетілімі ұйымдастырылды.

Ақпараттық күн тәртібінде еңбек тақырыбына ерекше назар аударылды. «Жұмысшы мамандықтарының жылы» шеңберінде еңбек беделін және жұмысшы мамандықтарын арттыруға бағытталған іс-шаралар кешені іске асырылды. Бос орындар жәрмеңкелері, ашық есік күндері, мансап апталары, өндірістік экскурсиялар және мемлекеттік жұмыспен қамту бағдарламаларын ақпараттық сүйемелдеуді қамтитын медиа-жоспар құрылды.

Әлеуметтік желілер үшін «Жұмысшының бір күні» бейнематериалдар циклы іске қосылды. Жастармен кәсіптік бағдарлау жұмысына, өнеркәсіптік кәсіпорындармен өзара іс-қимылға және өңірдің тұрақты экономикалық дамуының негізгі ретінде жұмысшы кәсіптерін танымал етуге ерекше назар аударылды.

2025 жыл әлеуметтік-экономикалық міндеттермен қатар тарихи және әлеуметтік-шоғырландырушы сипаттағы оқиғаларға толы болды. Ол Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығы, мемлекеттік егемендік туралы декларацияның 35 жылдығы



сияқты ірі мерейтойлық күндердің белгісімен өтті.

Жеңістің 80 жылдығына арналған іс-шаралар ардагерлердің, жастардың, еріктілердің және қоғам өкілдерінің қатысуымен 1 000-нан астам іс-шараны қамтыды. Соғыстың барлық қатысушыларына 5 млн теңге төленді, 2 797 ардагер мен тыл еңбеккерлеріне «Жеңіске 80 жыл» мерейтойлық медальдар табысталды. Ардагерлер тегін дәрі-дәрмектермен және медициналық көмекпен қамтамасыз етілді, коммуналдық қызметтерге ақы төлеуден босатылды, тегін көлік қызметі ұйымдастырылды. Демеушілік қаражаты есебінен 50-ден астам ардагер отбасының үйлері жөндеуден өтті.

«Таза Қазақстан – Киелі мекен» бастамасы аясында 156 мемориал мен Жауынгерлік Даңқ ескерткіштері абаттандырылды. БАҚ-та және онлайн-платформаларда «Ер есімі – ел есінде» акциясы, мектептер мен колледждерде ерлік сабақтары мен патриоттық іс-шаралар өтті.

Сабақтастық пен бірлік тақырыбы этносаралық келісімді нығайту жөніндегі жұмыста да жалғасын тапты. Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы оның әрі қарайғы рөлін түсінудің маңызды кезеңі болды. Өңірде 80 мыңға жуық адамды қамтитын 1 500-ден астам іс-шара өткізілді. «Ақсақалдар кеңесі» және «Аналар кеңесі» республикалық кеңестердің отырыстары өтті, Қарағандыда ҚХА мерейтойына арналған Мұрал құрылды. Екі студенттік Ассамблея құрылды, төрт жетекші ЖОО-да ҚХА кафедралары, екі ірі өнеркәсіптік кәсіпорында – еңбек Ассамблеялары жұмыс істейді. «Жомарт Жан» орталығы 200 балаға арналған жаңа жылдық шыршаны қоса алғанда, 113 қайырымдылық іс-шараны іске асырды.

Бұл мәселелер Мемлекет басшысы белгілеген жалпыұлттық күн тәртібімен тікелей байланысты. Осы тұрғыда V Ұлттық Құрылтайда қоғамдық диалог институттарын одан әрі дамыту, соның ішінде, Халық кеңесін құру және ҚХА жұмысының форматын жаңарту бойынша ұсыныстар айтылды.

Қоғамдық келісім мен сенімнің негізі болып – құқықтық Конституция – мемлекеттің іргетасы болып қала береді. Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына арналған іс-шаралар «Заң және тәртіп» идеологемасымен өтті. Облыста 700-ден астам іс-шара – концерттер, көрмелер, құқықтық жәрмеңкелер, тегін заң кеңестері және азаматтарды қоғамдық қабылдаулар өткізілді.

Конституция күніне орай бірқатар әлеуметтік маңызы бар нысандар пайдалануға берілді, ал, басты оқиға 20 мыңнан астам қатысушыны жинаған «Ата Заңға 30 жыл» облыстық патриоттық форумы болды. «QARMET» АҚ гала-концерт ұйымдастырды, оған 120 мыңнан астам көрермен қатысты. Әлеуметтік желілерде «Бір күні – бір бап» және «30 игі іс – 30 жыл Конституция» челленджері қолдау тапты.

Сол құндылық қатарында – ел мен өңірдің көрнекті тұлғаларының мұрасына назар аудару. 2025 жылы еліміздің көрнекті қайраткерлерінің мерейтойлары: Абай Құнанбаевтың 180 жылдығы, Евней Бекетовтің 100 жылдығы, Әбілқас Сағыновтың 110 жылдығы, Нығмет Нұрмақтың және т.б. мерейтойлары кеңінен атап өтілді.

Бұл бастамаларды белсенді ақпараттық сүйемелдеусіз іске асыру мүмкін болмас еді. Өңірде 69 бұқаралық ақпарат құралдары жұмыс істейді. 2025 жылы брифингтер, баспасөз турлары және көшпелі кездесулерді қоса алғанда 146 баспасөз іс-шарасы өткізілді. Қалалар мен аудандардың барлық әкімдері халықпен тікелей кері байланысты қамтамасыз ете отырып, әлеуметтік желілерде жеке паракшалар жүргізеді.

Кәсіби журналистік қоғамдастықты қолдау осы жұмыстың маңызды бағыты болып қала береді. Тұрақты дәстүрлердің бірі 19 жыл бойы өткізіліп келе жатқан облыс әкімінің «Алтын Сұңқар» сыйлығына конкурс өткізу болды.

Қоғаммен диалог тек медиа арқылы ғана емес, азаматтық қоғам институттары арқылы да құрылады. Жүйелі негізде саяси партиялармен, ҰЕҰ және қоғамдық кеңестермен өзара іс-қимыл құрылған. Өңірде алты саяси партияның атынан өкілдік ететін депутаттық корпус жаңартылды, ҚХА-ның «Бірлік» депутат-

тық тобы құрылды. Қоғамдық кеңестер жаңартылды, олардың құрамының 50%-ы – жастар.

ҰЕҰ-ның әлеуметтік маңызды бастамаларын іске асыруға 2,3 млрд теңге бағытталды. «Тен Qogam», ҰЕҰ ақпараттық-білім беру орталығының жобалары, лудомания мен нашақорлықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет пен құқықтық сауаттылықты қалыптастыру жөніндегі бастамалар іске асырылуда. Әлеуметтік бастамаларды іске асыруда қайырымдылық секторы да маңызды рөл атқарады. Бұл жұмысқа «Қазақстан халқына» қорының жобалары елеулі үлес қосуда.

Қарағанды облысының ішкі саясат басқармасы жұмысының барлық бағыттары елдің ішкі саясатының қазіргі заманғы логикасын айқындайтын жүйелі процестердің бір бөлігіне айналды.

Бүгінгі таңда тәсілдер емес, мағыналар – қоғамның негізгі шешімдерді талқылауға қатысуы, жауапкершіліктің бөлінуі және мемлекет пен азаматтардың өзара әрекеттесуінің түсінікті ережелері барған сайын маңызды бола түсуде. Бұл саналы қатысу мен сенім туралы сұрау Қазақстан Республикасының ішкі саясат тұжырымдамасында, сондай-ақ, Парламент пен өкілді органдардың шешім қабылдауға неғұрлым белсенді қатысуын, қоғамдық талқылауды күшейтуді және билік пен қоғам арасындағы кері байланыс тетіктерін кеңейтуді көздейтін Конституциялық өзгерістері мен саяси институттардың дамуында көрініс тапты.

Өткен кезең ішкі саясатты дамытудағы маңызды кезең болды: берілген тұжырымдамалық бағдарлар ресми көрсеткіштерден нақты қоғамдық әсерге және қоғаммен өзара іс-қимыл сапасына баса назар аударды. Осы логикада Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 35 жылдығы мен «Алаш» қозғалысы мұрасынан бастап маңызды мәдени және өңірлік мерейтойларға дейінгі мерейтойлық және атаулы күндерге арналған тәсілдерді қоса алғанда, одан әрі жұмыс құрылатын болады. Ресми мерекелерге емес, тарихи тәжірибені түсінуге, ұлттық құндылықтар мен қоғамдық бірлікті нығайтуға басымдық беріледі.

Осы бағыттардың барлығын бір мақсат біріктіреді, ол – өңірдің қоғамдық келісімін, сенімі мен тұрақтылығын нығайту. Дәл осы негізде Қарағанды облысының ішкі саясаты жалпыұлттық курстың бір бөлігі ретінде қалыптасуда.

Нұрлан БИКЕНОВ,
Қарағанды облысының ішкі саясат басқармасының басшысы

• БҮГІН – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК САЙЛАУ КҮНІ

Қарағанды электоралдық жылды қалай өткерді?

2025 жыл Қарағанды облыстық сайлау комиссиясы үшін ауыл әкімдерінің сайлауынан бастап, мәслихаттағы қосымша сайлауларға, сайлау инфрақұрылымын жаңартуға және облыс тұрғындарының электоралдық белсенділігін арттыруға бағытталған жан-жақты әрі мазмұнды жұмыстың жылы болды. Жыл қорытындысы облыстағы сайлау процесі тек рәсімдік сипатта ғана емес, азаматтардың нақты қатысуы арқылы жүзеге асырылатынын көрсетіп отыр.

Жылдың негізгі оқиғаларының бірі – ауыл әкімдерінің сайлауы болды. 2025 жылы облыста 60 ауыл округінің басшылары сайланды, оның ішінде, 16 әкім бұрынғы өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтатуына байланысты. Кейбір елдімекендер үшін бұл 2021 жылғы сайлау науқанынан кейінгі алғашқы сайлау еді.

Сайлауда 60 мандатқа 192 үміткер таласқа түсіп, бәсекелестік айқын көрінді. Үміткерлердің шамамен үштен екісі – 130 адам – өздерін ұсынса, қалғандары саяси партиялар атынан қатысты. Осы көрсеткіште «AMANAT» партиясының басымдығы айқын байқалды. Дауыс беру нәтижесінде сайланған әкімдер негізінен партия өкілдері және 59 адам «AMANAT»-тан, бір адам «Ауыл» партиясынан.

Облыс бойынша сайлаушылардың қатысу деңгейі орта есеппен 58,3% болды – сайлау учаскелеріне 37 мыңнан астам адам келді. Дегенмен, көрсеткіштер әртүрлі деңгейде: кейбір ауыл округтерінде қатысу 100%-ға жеткенімен, Бұқар жырау ауданындағы бір округте 40%-дан төмен

болды. Бұл жергілікті сайлауға қатысу деңгейінің және азаматтардың сайлау институтына сенімінің әрқилылығын байқатады.

Сайланған әкімдердің жартысы – жаңа тұлғалар. Алғаш рет сайланған ауыл округтерінің басшылары 30 адам. Кадрлық жаңару 50%-ды құрап, жылдың ең көрнекті нәтижелерінің бірі болды. Жалпы, сайланған әкімдердің басым бөлігін мемлекеттік қызметкерлер құрап отыр, оның ішінде, қазіргі округ басшыларын қоса алғанда, сонымен қатар, әкімдер қатарында бизнес өкілдері, бюджет саласы қызметкерлері, зейнеткерлер және бұрын жұмыссыз болған үміткерлер де бар.

Аймақта шығып қалған мәслихат депутаттарының орнына сайлаулар да қатар жүргізілді. Жыл ішінде бес қала мен аудан мәслихатында бос қалған сегіз мандат толтырылды. Барлық сайланған депутаттар саяси партиялар атынан ұсынылды. Сайлауға ауыл әкімдерін сайлаудағы көрсеткішпен шамалас 58% сайлаушы қатысты.

Жыл соңына қарай облыс мәслихаттарында кадрлық жағдай



тұрақтандырылып, бос депутаттық мандат қалмады. Жалпы алғанда 2023 жылғы наурыздан бастап, басым көпшілігі бірмандаттық округтердегі 29 депутат мерзімінен бұрын өкілеттілігін тоқтатқан.

Сайлау комиссиясы жұмысының маңызды бөлігі – инфрақұрылымды жүйеге келтіруге қатысты болды. 2025 жылы облыста 846 сайлау комиссиясы және 637 сайлау учаскесі жұмыс істеді. Олардың кейбірі оңтайландырылып, сайлаушылары аз учаскелер жабылып, Қарағанды қаласында

жаңа учаскелер ашылды. Маңызды қадам – сайлау учаскелерін бірыңғай нөмірлеу жүйесін енгізу: деректер барлық ақпараттық жүйелерде біріктіріледі және тиісті шешімдерімен бекітілді.

Мүгедектігі бар азаматтардың сайлау құқықтарын қамтамасыз етуге де ерекше назар аударылды. Облыста жергілікті сайлау комиссияларында жұмыс топтары құрылып, құрамына әлеуметтік қорғау органдарының өкілдері, депутаттар және қоғамдық бірлестіктер кірді. Бұл топтар учаскелерді дайындаумен, сайлаушыларға

кеңес берумен және сайлауды қолдаумен айналысады.

2026 жылғы 1 қаңтарға облыста 5 159 мүгедек сайлаушы тіркелген: 1 538-і мүгедек арбасын пайдаланады, 1 578-нің есту қабілеті, 2 043-нің көру қабілеті бұзылған, оның ішінде, 258 адам Брайль көрпіні біледі. Оларға арналған арнайы оқу модулі облыстық орталықта өткізіледі, ол сайлаушыларға да, учаскелік комиссия мүшелеріне де қолжетімді болады.

Аумақтық сайлау комиссиялары тұрғындардың сайлау белсенділігін, елімізде жүзеге асырылып жатқан саяси реформаларға деген сенім деңгейін, сондай-ақ, саяси сауаттылығын арттыруға бағытталған бірқатар жобаларды іске асыруда.

Сондай маңызды бастамалардың бірі облыстың барлық өңірлерінде жастардың сайлау мәдениеті мен белсенділігін арттыруға, олардың азаматтық жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған «Жас сайлаушы» клубтарын құру болып табылады. Клуб отырыстарында студенттер мен жастар қозғалысының көшбасшылары сайлау заңнамасымен танысып, өзекті мәселелерді талқылап, сайлауға қатысу белсенділігін арттыру бойынша өз ұсыныстарын әзірлейді.

Сонымен қатар, #халық таңдаған әкім# хештегімен халық сайлаған әкімдердің қызметі туралы арнайы бейнематериалдар әзірленіп, орналастырылды. Бұл

жұмыс әкімдердің өңірлеріндегі проблемаларды шешу бағытындағы жұмыстарын бағалауға, сайлау процестерінің ашықтығы мен айқындығын көрсетуге бағытталған.

Жыл сайын ақпанның бірінші бейсенбісінде дәстүрлі түрде Дүниежүзілік сайлау күні кеңінен аталып өтіледі. Биылғы жылы да Қарағанды өңірінде пікірталастар мен интеллектуалдық ойындардан бастап, дөңгелек үстелдер мен оқыту семинарлары сияқты шараларды қамтыған ауқымды бағдарлама әзірленген. Басты назарда – қазіргі заманғы сайлау жүйесінің басты қағидаттары: заң үстемдігі, тәуелсіздік, ашықтық, инклюзивтілік және кәсібилік.

Дүниежүзілік сайлау күні – формальды мереке емес. Негізгі мақсат – әрбір сайлаушы дауысының құндылығын, билікке сенім адал әрі ашық сайлаудан басталатынын көрсету.

2025 жылдың қорытындысы Қарағанды облысындағы сайлаулар бір реттік оқиға емес, ол азаматтардың белсенді қатысуы, кадрлық жаңару және ашық ережелер маңызды рөл атқаратын тұрақты процесс екенін көрсетіп отыр. Күнделікті, кейде байқалмайтын бұл жұмыс бүкіл сайлау жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Қайрат НҮРКЕНОВ,
Қарағанды облыстық сайлау комиссиясының төрағасы

Құқық кеңістігіндегі құнды жоба



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Жаһандану дәуірінде жасанды интеллектіні пайдаланып, сот табалдырығын аттамай-ақ, өз құқықтық мәселесіне нақты жауап алып жүрген азаматтар аз емес. Әлеуметтік желілерде цифрлық технологияның көмегімен даулы істі заң шеңберінде шешіп, тіпті сотта оң нәтижеге қол жеткізген жағдайларды әредікте көзіміз шалып жатады. Бұрын тек кәсіби заңгерлердің еншісіндей көрінетін құқықтық талдау мен сот тәжірибесіне сүйенген кеңес беру бүгінде қарапайым халыққа қолжетімді бола бастады. Осы бағыттағы айшықты бастамалардың бірі «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында жүзеге асып, сот төрелігін халыққа жақындатуға бағытталған LegalExpert.kz жасанды интеллект платформасы жұртшылық назарына ұсынылды.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Іс-шара академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің техно-паркінде өтті. Тамыз айында ғана ұлттық университет мәртебесін алған білім ордасы бұл жолы да ғылымның тек теориямен шектелмей, қоғам сұранысына нақты жауап беруге қабілетті екенін көрсетті.

— Жаңа мәртебеге сай біз кешенді ғылыми зерттеулерді жүйелі түрде қолға алып келеміз. Ғылымның тереңіне бойлап, мемлекет пен халыққа пайдалы нақты жобаларды жүзеге асыру жолында әрекет етеміз. Осы тұрғыдан алғанда, құқық, білім және технология тоғысқан мұндай бастамаларға айрықша мән беріледі. Бұл жоба да университеттің мемлекеттік тапсырыс аясында бірнеше жылға жоспарланған ғылыми грантты жеңіп алуының нәтижесінде жүзеге асты. Зерттеу жұмысына ғалымдармен бірге студенттер, магистранттар мен докторанттар атсалысты. Яғни, біз ғылымның жас кадрлар арқылы жаңарып, нақты нәтижеге жұмыс істей бастағанын көріп отырмыз. Сот төрелігіне қолжетімділікті арттыруға бағытталған бұл цифрлық шешім — ғылымның қоғам сұранысына жауап бере алатынын көрсететін нақты мысал, — деді университет ректоры Нұрлан Дулатбеков.

Сондай-ақ, Нұрлан Орынбасарұлы Конституциялық реформа жөніндегі комиссия мүшесі ретінде бүгінгі білім мен ғылымға беріліп отырған басымдық жөнінде де сөз қозғады. Оның айтуынша, Мемлекет басшысы бастаған конституциялық жаңғырудың мазмұны осындай жобалар арқылы нақты іспен толықтырылып келеді. Жаңа Конституция

жобасында айқындалған ғылым мен адами капиталды дамыту қағидаттары осындай жобалар арқылы өміршең сипат алып отыр.

Құқық үстемдігі күшейеді

Әрі қарай кездесу барысында жобаның маңызын мемлекеттік органдар өкілдері де атап өтті. Қарағанды облысы прокурорының орынбасары Еділ Жұбанов Мемлекет басшысының құқық үстемдігін қамтамасыз ету, азаматтардың заңды мүдделерін қорғау және сот төрелігіне қолжетімділікті арттыру жөніндегі тапсырмалары аясында мұндай цифрлық бастамалардың өзектілігі артып отырғанын айтты.

— Құқықтық көмектің ашық әрі түсінікті болуы — құқық бұзушылықтың алдын алудың, қоғамда заңға деген сенімді нығайтудың маңызды алғышарты. Осы тұрғыдан алғанда, жасанды интеллект негізінде әзірленген құқықтық сервистер азаматтарға өз құқықтарын ерте кезеңде түсінуге және даулы мәселелерді заң шеңберінде шешуге мүмкіндік береді, — деді ол өз сөзінде.

Бұл ойды Қарағанды облысының ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов те қуаттай түсті.

— Мемлекеттік саясаттың басты бағыты — азамат пен мемлекет арасындағы сенімді нығайту. Ол үшін құқықтық ақпарат қолжетімді, түсінікті әрі заманауи форматта ұсынылуы тиіс. Мұндай цифрлық платформалар ашық диалог орнатуға, тұрғындардың құқықтық сауатын арттыруға және мемлекеттік институттарға деген сенімді күшейтуге қызмет етеді, — деді басқарма басшысы.



Ғылымнан туған цифрлық шешім

Іс-шараның негізгі мазмұнын заң ғылымдарының кандидаты, профессор, жобаның ғылыми жетекшісі Абзал Серікбаев өз баяндамасында тереңдете түсті. Ол сот төрелігіне қолжетімділікті арттыру мәселесі бүгінгі таңда тек құқық саласының емес, тұтас мемлекеттік дамудың маңызды бағытына айналғанын атап өтті.

Абзал Мұхаметжанұлының айтуынша, цифрлық мемлекет құру — уақыт талабы. Қоғам күнделікті өмірінде цифрлық сервистерге үйренген кезеңде құқықтық көмек пен сот жүйесінің де заманауи форматқа көшуі — заңды құбылыс. Осы қажеттіліктен туындаған жоба 2024 жылдың тамыз айында мемлекеттік гранттық қаржыландыру аясында қолға алынған.

— Бұл жоба кездейсоқ пайда болған жоқ. Бір жарым жылдан астам уақыт бойы ғылыми-зерттеу тобы шетелдік тәжірибені зерделеп, құқықтық жүйенің теориялық негізін, платформаның техникалық мүмкіндіктерін және ең бастысы, — қоғамның нақты сұранысын зерттеді. Қарағанды облысында жүргізілген әлеуметтік сауалнамалар халыққа сот төрелігі мен заңгерлік көмекке қолжетімді цифрлық құралдың қажет екенін көрсетті, — деді ол.

Жобаны әзірлеуге университеттің ғалымдарымен қатар студенттер, магистранттар мен



докторанттар қатысқан. Ғылыми жетекшінің айтуынша, бұл жас зерттеушілер үшін тек ғылыми тәжірибе емес, қоғамға нақты пайда әкелетін өнім жасауға мүмкіндік берген. Сонымен қатар, жоба аясында халықаралық тәжірибеге де айрықша мән берілген. Зерттеу тобы Біріккен Араб Әмірліктері, Қытай, АҚШ және Еуропа елдерінде болып, жасанды зердені құқық саласында қолданудың озық үлгілерін зерделеген. Шетелдік университеттер мен зерттеу орталықтарындағы тәжірибе қазақстандық платформаға бейімделіп, ұлттық заңнама ерекшеліктері ескерілген.

— Біз шетелдік модельдерді сол күйінде көшіруді мақсат тұтпадық. Керісінше, Қазақстанның құқықтық жүйесіне, сот тәжірибесіне және қолданыстағы заңнамаға толық бейімделген платформа жасауды көздедік. Сондықтан да, LegalExpert.kz тек кеңес беріп қана қоймай, нақты сот тәжірибесіне сүйеніп, тәуекелдерді де көрсетеді, — деді Абзал Серікбаев.

Ғылыми жетекшінің айтуынша, платформа қазіргі таңда пилоттық режимде іске қосылып, оған еліміздің әр өңірінен және шетелден де қолданушылар тіркелген. Жоба авторлары алдағы уақытта сервисті жетілдіріп, мемлекеттік органдармен бірлесіп отырып, құқықтық көмектің сапасы мен қолжетімділігін одан әрі арттыруды жоспарлап отыр.

Платформаның пайымы

Ғылыми жетекші атап өткендей, LegalExpert.kz платформасының басты артықшылығы — оның қарапайым түрде қызмет етуінде. Жасанды зерде негізінде жұмыс істейтін сервис тәулік бойы, тегін түрде құқықтық кеңес алуға мүмкіндік береді. Платформа арқылы азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істерге қатысты сұрақтарға қолданыстағы заңнама мен нақты сот тәжірибесіне сүйеніп отырып жауап беріледі.

Жүйенің ерекшелігі — пайдаланушыдан жалпы сұрақ емес, нақты жағдайды сипаттауды талап етуінде. Азамат өз мәселесін енгізе отырып, өзінің құқықтық деңгейін де тандай алады. Яғни,

әкімшілік жауапкершілікке қатысты мәселелер мысал ретінде қарастырылды.

Жүйе пайдаланушы енгізген нақты жағдайға сәйкес құқықтық баға беріп, қолданылатын заң нормаларын, сот тәжірибесін және ықтимал тәуекелдерді көрсетті. Сонымен қатар, платформа істі сотқа дейін шешу мүмкіндіктерін, дәлелдер жинау жолдарын және құқықтық ұстанымды қалай қалыптастыру керектігі жөнінде ұсыныстар берді. Қатысушылар үшін ерекше қызық болғаны — жүйенің істің ұту немесе ұтылу ықтималдығын алдын ала есептеп көрсету мүмкіндігі.

Пікірталас барысында ауылдық жерде тұратын азаматтардың құқықтық көмекке қолжетімділігі

мәселесі де қозғалды. Жоба авторларының айтуынша, платформа әсіресе шалғай елдімекен тұрғындары үшін тиімді. Ауылда отырып-ақ зейнетақы, жәрдемақы, еңбек дауы немесе тұрмыстық құқықтық мәселелер бойынша нақты кеңес алуға мүмкіндік бар.

Келелі кездесудің тағы бір артықшылығы — ашық пікір алмасу форматында өтті. Қатысушылар жасанды интеллектінің сот жүйесіне енуіне қатысты өз ойларын ортаға салып, оның артықшылықтары мен болашағын талқылады. Студенттер мен жас зерттеушілер жобаның әзірленуіндегі түрлі жайттарды айтып, пайымдарын ортаға салды.

Бүгінде сот төрелігіне қол жеткізу көбіне уақытқа, қаржыға және кәсіби кеңеске тәуелді. Ал, жаңа цифрлық платформа осы кедергілерді азайтып, азаматтарға өз құқығын әуелден-ақ түсінуге мүмкіндік берері сөзсіз.

Қорыта айтқанда, LegalExpert.kz платформасы — жасанды интеллектіні тек технологиялық жетістік ретінде емес, адам құқығын қорғаудың нақты құралына айналдыруға бағытталған маңызды қадам. Бұл жоба құқықтық көмектің қолжетімділігін кеңейтіп қана қоймай, қоғамда заңға деген сенімді нығайтатын жаңа мәдениетті қалыптастырады деп кәміл сенеміз.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО


• БӘРЕКЕЛДІ!

SAT-та сенсациялық рекорд

Қарағанды қаласының мектеп оқушысы SAT халықаралық емтиханында ел тарихындағы ең жоғары нәтижені көрсетіп, әлемдегі үздік талапкерлердің қатарына енді. Абсолюттік көрсеткішке жақын балл оған жетекші шетелдік университеттерге түсуге және академиялық гранттарға үміткер болуға кең мүмкіндік береді, деп хабарлайды Kazinform агенттігінің тілшісі.

Қазақстанда мектеп оқушылары арасында SAT емтиханы бойынша ең жоғары нәтиже тіркелді. Қарағандылық түлек 1600 балдың ішінен 1590 ұпай жинап, рекорд орнатты. Бұл көрсеткіш талапкердің дайындық деңгейі әлемнің жетекші жоғары оқу орындарының талаптарына толық сәйкес келетінін айғақтайды.

SAT — АҚШ пен өзге де елдердің университеттеріне түсу кезінде қолданылатын стандартталған халықаралық тест. Ол пәндік білімді ғана емес, сонымен қатар, аналитикалық ойлау, сыни талдау, мәтінмен жұмыс істеу және логикалық есептерді шешу



Сурет ЖИ

дағдыларын бағалайды. Мұндай жоғары нәтиже талапкердің конкурстық іріктеудегі мүмкіндігін арттырып, шәкіртақы алуына негіз бола алады.

Емтиханға дайындықты Карим Мұхадил алдын ала бастаған. Ол жүйелі дайындықты 11-сыныптан бастап, шетелде білім алуды мақсат еткен. Сонымен қатар, халықаралық зияткерлік жарыстарда да табысты өнер көрсеткен: жасанды интеллект бағытындағы Fizmat AI Olympiad олимпиадасында қола жүлдегер атанса, Infomatrix Asia халықаралық байқауында бағдарламалау және жасанды интеллект

бағыттары бойынша қола медаль иеленген.

Болашақ студент нақты қай университетті тандайтынын әзірге шешкен жоқ. Оның басым бағыттарының қатарында АҚШ, Еуропа елдері, Гонконг және Оңтүстік Корея бар. Карим бұл елдерде жасанды интеллект пен информатика бойынша білім алуды жоспарлап отыр. Қазіргі таңда ол Қарағанды қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушысы.

Шұғыла ТӘНІРБЕРГЕНҚЫЗЫ,
Е.Бөкетов атындағы
ҚарҰЗУ IV курс студенті

• ДЕНСАУЛЫҚ

Қарқаралыда дәрігер тапшы

Бүгінде өңірлерде дәрігер тапшылығы айқын сезіліп тұр. Бұл мәселе Қарқаралы ауданын да айналып өткен жоқ. Қазіргі таңда Қарқаралы аудандық ауруханасында небәрі 45 дәрігер қызмет етеді. Дәл қазір терапевт, педиатр және өзге де тар бейінді мамандарға сұраныс жоғары. Кадр жетіспеушілігін азайту мақсатында былтыр облыстық мәслихат бекіткен «Ауылдық елдімекендерге, кенттерге, аудандық және облыстық маңызы бар қалаларға жұмысқа жіберілетін медицина және фармацевтика қызметкерлерін әлеуметтік қолдау» жобасы аясында ауданға бес маман тартылған. Алайда, бұл да мәселені түбегейлі шешпей тұр. Ауруханаға әлі де сегіз дәрігер қажет.

Мәселе тек кадр тапшылығымен шектелмейді. Ауруханада қажетті құрал-жабдықтар бар болғанымен, олар да тозған. Бұл жағдай медициналық қызмет сапасына тікелей әсер ететіні анық.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Құрал-жабдықтар жеткіліксіз

Коронавирус індеті өршіген кезеңде аудандық ауруханада компьютерлік томография аппараты мүлдем болмаған. Науқастарды көлікпен облыс орталығына жеткізіп, сол жерде тексеруден өткізіпті. Содан кейін облыстық денсаулық сақтау басқармасы 2023 жылы бюджеттен қаржы бөліп, ауруханаға компьютерлік томография аппаратын алып берген. Құрал-жабдық жеткізілгеннен кейін онымен жұмыс істейтін маман даярлау мәселесі де қолға алынды. Аурухана есебінен бір маман резидентурада екі жыл оқытылып, толыққанды біліктілікке ие болды. Кейіннен мекемеге тағы екі жас маман келіп, олар да дублер ретінде арнайы дайындық курсын тәмамдаған.

Сонымен қатар, өткен жылы облыстық бюджет қаржысы есебінен ауруханаға заманауи ультратрадыстық зерттеу (УЗИ) аппараты алыныпты. Осыған байланысты жүрекке эхокардиографиялық зерттеу жүргізетін маман да арнайы даярланған. Қазіргі таңда аудандық аурухана жүрек эхокардиографиясын жасай алады. Ал, бұған дейін ауруханада мұндай аппарат мүлде болмаған. Жаңа құрал іске қосылғаннан кейін аудан тұрғындарына қызмет көрсету басталды. Қазіргі уақытта жүрекке эхокардиографиялық зерттеу аптасына екі рет тұрақты түрде жүргізіліп келеді.

2024 жылдың соңында аудандық аурухана тыныс алу жүйесінің патологияларын анықтауға арналған заманауи спирография аппаратымен жабдықталды. Аталған құрал былтырдан бастап қолданыста. Онымен жұмыс істеу үшін де мекемедегі ота буын медицина қызметкерін арнайы іс-тәжірибеден өткізген.

— Қазіргі таңда аппарат тапшылығы сезіліп отыр. Стационарлық бөлімде мамандарға эндоскопиялық операциялар жүргізуге арналған медициналық жабдықтар қажет. Сонымен қатар, түрлі анализаторлар да жетіспейді. Жалпы алғанда, қолданыстағы аппараттардың басым бөлігін жанартау қажет. Осыған байланысты жыл сайын басқармаға жаңартуға және қосымша алуға қажетті медициналық аппараттардың тізімін ұсынып келеміз. Алайда, әзірге бұл бағытта нақты жауап, оң шешім болмай тұр, — деді директордың амбулаториялық-клиникалық қызмет жөніндегі орынбасары Назира Ыдырысова.

Былыр аудандық ауруханаға алынған жаңа құрылғының бірі — өкпенің тыныс алуын тексеруге арналған спирометрия аппараты. Бұл аппарат аудан бойынша есепте тұрған өкпесі, жүрегі ауыратын науқастардың жағдайын бақылау үшін қолданылады екен.

— Алдымен науқасқа құрылғыны қалай қолдану керектігі жөнінде нұсқаулық береміз. Кейін аппараттың түтігі арқылы адамның демі өлшенеді. Сосын экранға өкпенің қаншалықты жұмыс істеп тұрғаны автоматты түрде көрінеді. Аппарат іске қосылғаннан бері диспансерлік тексеруден отуға келген әр аудан тұрғыны осы кабинетте міндетті түрде келуі тиіс. Осындай жолмен біз әртүрлі өкпе ауруларын дер кезінде анықтаймыз, — деді медбике Махаббат Әбеуова.

Биыл аудандық аурухана ғимаратының іргетасы қаланғанына — 18 жыл. Осы уақыт ішінде ғимаратқа толыққанды жөндеу жүргізілмеген. Алдағы мақсат әуелі ауруханаға бейінді маман тарту болса, екіншіден, аталған ғимаратқа жөндеу жұмыстарын жүргі-

зу. Алайда, бөлінетін қаржы жағы қалай болатыны әзірге белгісіз.

— Ауруханадағы дәрігерлердің басым бөлігі — жас мамандар. Оларға әлі біліктілікті көтеруге ерте. Сондықтан, бірнеше жыл тәжірибе жинауы қажет. Ал, бұрыннан қызмет атқарып келе жатқан дәрігерлердің бәрі І — және одан жоғары санаттағы мамандар. Қазіргі жас мамандардың ойлау және қабылдау ерекшеліктері



бұрынғы буыннан өзгеше. Сол себепті біз олармен тұрақты түрде семинарлар өткізуді қолға алдық, — деді Назира Нұрланқызы.

Қарқаралыға «Дипломмен ауылға» бағдарламасы жүрмейді

— Бүгінде ауруханада ЛОР, офтальмолог, кардиолог, психиатр-нарколог, акушер-гинеколог, терапевт, жалпы практика дәрігері жоқ. Мұндай мамандарға үкімет тарапынан көтерме жәрдемақы қарастырылған. 8,5 млн теңге берілмесе де, кемінде үш миллион теңгеден жоғары сома қарастырылған. Бірақ, күні бүгінге дейін ешқандай маман келген жоқ. Олардан бөлек, акушер, фармацевт және медбикелерге де қаржылай қолдау бар. Оларға ауданға келгені үшін 1,5 млн теңге көлемінде бір реттік жәрдемақы тағайындайды. Өз басым олар үшін бұл сома аз деп ойлаймын. Мысалы, жалпы тәжірибелік дәрігер мен анестезиологтар 8,5 млн теңге алады. Ал, кардиолог, терапевт, рентгенолог сияқты мамандарға — 5 млн теңгеден. Қазіргі таңда ауруханадағы рентгенолог маман зейнет жасында. Оны алмастыратын жас маман жоқ. Негізі, аурухананың күндізгі стационарда терапевт дәрігерлер жұмыс істеуі қажет. Ал, бізде ондай мамандар жоқ. Мамандар келсе, үкімет тарапынан оларға бір реттік жәрдемақы тағайындалатын еді, — деді Назира Ыдырысова.


Кадр тапшылығын шешу мақсатында облыс басшылығы тарапынан айтарлықтай қолдау көрсетілуде. Атап айтсақ, ауылдық елдімекендерге, кенттерге, аудандық және облыстық маңызы бар қалаларға жұмысқа жіберілетін медицина және фармацевтика қызметкерлерін әлеуметтік қолдау жобасы іске асырылып келеді. Осы бағдарлама аясында оқуын енді аяқтаған жас мамандарға облыс бюджеті есебінен бір реттік 8,5 млн теңге көлемінде көтерме жәрдемақы қарастырылған. Аталған қолдаудың нәтижесінде былтыр осы бағдарлама бойынша аудандық ауруханаға бес дәрігер жұмысқа қабылданыпты.

— Бүгінде ауруханаға келген бес маман Қарағанды медициналық университетін тәмамдағанымен, олардың көпшілігі оңтүстік өңірлерден келген. Аудандық ауруханаға «Дипломмен ауылға» бағдарламасы арқылы жолдама алу мүмкін емес. Себебі, біздің аудан орталығы «қала» мәртебесіне ие. Ал, аталған

бағдарлама тек ауданға қарасты ауылдық елдімекендерге бағытталған. Сондықтан, ауданға жұмысқа келген жас мамандарға қолдау тек облыстық мәслихат шешімімен бекітілген бағдарлама аясында жүзеге асады.

Егер «Дипломмен ауылға» бағдарламасы арқылы келсе, жас маман міндетті түрде ауылдық жерге баруы тиіс. Алайда, қазіргі жастар ауылға барғылары келмейді. Олар орталықтандырылған су, жылу желісіне қосылған елдімекендерге барғысы келеді. Бір сөзбен айтсақ, от жағып, су тасудан қашады. Одан бөлек, «Үйіміз орталықтандырылған жылу желісіне қосылуы шарт» деп талап қояды, — деді Назира Нұрланқызы.

Аталған мәселені шешу мақсатында 2022 жылы аурухана іргесіндегі төрт қабатты колледж жатақханасын күрделі жөндеуден өткізіп, дәрігерлерге арналған тұрғын үй ретінде пайдалануға берген. Қазіргі таңда бұл ғимаратта барлығы 27 пәтер бар. Олар-



дасым да аталған жоба аясында жұмысқа келсе, үй сатып алуды көздеп отырмыз. Ауруханаға келгеніме көп бола қоймаса да, біраз тәжірибе жинадым. Алдағы уақытта білімдімі одан әрі жетілдіріп, резидентураға оқуға түссем бе деймін, — деді жас маман.

Қазіргі таңда дәрігерлер үйінің 25 пәтері бос емес. Мұнда тек жас маман ғана емес, орта білімді медбикелер, акушерлер де тұрады. Мамандарды ұстап қалу мақсатында оларға да дәрігерлер үйінен тегін тұрғын үй берілген. Алайда, жаңа дәрігер келген жағдайда пәтерді босатып беру туралы келісім бар.

«Жастар ауылда жұмыс істеуге құлықсыз»

Ауданда жалпы алты фельдшерлік-акушерлік, 27 медициналық пункт және 13 дәрігерлік амбулатория жұмыс істейді. Үкімет бекіткен 2023-2025 жылдар аралығындағы «Ауылдық денсаулық сақтау саласын жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 20 нысан бой көтереді. Оның жартысы қазірдің өзінде пайдалануға берілген. Қалғандары жыл соңына дейін толықтай қолданысқа беріледі деп күтілуде.

— Бұл жерде де басты мәселе — маман тапшылығы. Кейбір ауылда, әсіресе, жаңадан салынып жатқан нысандар орналасқан жерлерде орта буын қызметкерлер мүлде жоқ. Біз ауылдарға, ауданға маман тарту үшін түрлі шараларды жүзеге асырып келеміз. Колледж студенттерімен кездесіп, бос орындар жәрменкелерін ұйымдастырамыз. Дегенмен, ешқандай нәтижеге қол жеткізе алмай отырмыз. Себебі — жастар ауылда жұмыс істеуге құлықсыз, — деді Назира Ыдырысова.

ФАП-та міндетті түрде медбике мен акушер қызмет көрсетуі тиіс. Ал, медициналық пункттерде тек медбике болады. Дәрігерлік амбулаторияларда осы қызметкерлерге қосымша дәрігер де болады. Жалпы, ауылдағы халық саны 50-ден асса, медициналық пункт ашу міндеттеледі. Фельдшерлік-акушерлік пункт салу үшін тұрғын саны кемінде 500 болуы шарт. Дәрігерлік амбулатория ашу үшін — 1500 адамнан кем болмауы қажет.

— Бүгінде аталған жоба аясында ауылдарда жаңадан салынған мекемелер от жақпайды. Жылууды көзінен алады. Әрі жарығы мен су жүйесі кіргізілген. ЭКГ және физиотерапиялық аппараттармен жабдықталған. Қазір сол ғимараттарға электрік мамандар тарту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Былтыр ашылған мекемелерге маман алдық. Енді қалған ғимараттарға да маман тарту қажет. Егер мекемеде жарық сөніп қалса, мамандар дереу генераторды іске қосуы тиіс, — деді Назира Нұрланқызы.

Аудан бойынша Қарағайлы, Қарқаралы және Егіндібұлақ елдімекенінде жедел жәрдем станциясы жұмыс істеп тұр. Өр станцияда фельдшер, диспетчер және жүргізуші қызмет атқарады. Барлық ауылдарда бір-бір жедел жәрдем көлігінен бар деп есептегеннің өзінде, аудан бойынша барлығы 20 көлік бар. Соңғы рет

көліктерді осыдан екі жыл бұрын жаңартқан. Бірақ, «жаңартылған» деген аты болмаса, заты басқа мекемелердің қолданысынан шыққан көліктер...

— Көліктердің барлығы тозып тұр. Ауылдағы көліктің көбі есептен шығуы керек. Бірақ, біздің жүргізушілер бұзылған жерін жөндеп алады. Соның күшімен жүр. Біз басқармаға жыл сайын ауылдарға 10 жаңа көлік алуға өтініш береміз. Екі жыл бұрын облыстық станция көліктерін жаңартқан кезде, бізге есептен шыққан бірнеше «Газельді» берген-тін. Алайда, жүрілген көліктерді ауыл жолына салу қиын. Жолға жарамайды. Өрі асты да тым төмен. Қазіргі таңда алған көліктеріміздің тек екеуінің ғана төрт дөңгелегі айналып тұр. Ауылдық жерге мұндай маркалы көлік емес, «УАЗ» қажет. Біз жыл сайын жаңа көлікке өтініш беріп келеміз, бірақ әлі жауап жоқ. Биыл қайтадан жібереміз, — деді Назира Ыдырысова.

Ауданда вакцина алмаған 80 бала бар

Назира Ыдырысова кінәні тек ақ халаттылардан іздеу дұрыс еместігін де айтып, көпшілікке өз ойымен бөлісті.

— Біріншіден, халықтың түсінігін өзгерткен жөн деп ойлаймын. Қандай да бір жағдай орын алса, көбіне дәрігерлерді кінәлайды. Мысалы, бір жылда ауыл тұрғыны инсульт алып, ауруханаға жеткізілген. Артынша бізге арыз жазды. Ал, инсульттің негізгі себебі неде? Қан қысымы. Аурудың алдын алу үшін не істелді? Әуелі науқас өзін күтуді қажет. Дәріні уақытында ішіп, режим сақтау қажет. Көп жағдайда адамдар қарапайым осы дүниені түсінбей жатады. Керек десеңіз медициналық сақтандыру төлемдерін де төлемейді. Сондықтан, «Бізге үкімет беруі керек», «Дәрігерлер мынаны былай істеуі керек» деген ойды өзгерту қажет, — дейді Назира Нұрланқызы.

Қазіргі таңда мемлекет есепте тұрған науқастарға тегін дәрі-дәрмек беріп отыр. Қан қысымы, жүрек, бронхалды астма, эпидемия, қант диабеті сияқты ауруларға шалдыққан аудан тұрғындарына рецептінен тегін беріледі. Бүгінде осындай диагнозы бар аудан тұрғындарының саны алты мыңға жеткен. Дәріхана Қарқаралыдан бөлек, Егіндібұлақ, Қарағайлыда да жұмыс істеп тұр. Сол жерлерде науқастарға дәрігердің рецепті бойынша тегін дәрі беріледі. Дегенмен, мамандардың айтуынша, тегін дәрі алған күннің өзінде оны уақытылы қабылдамай, жыл сайынғы тексерістерден өтпейтін науқастардың барын жасырмады.

— Қарапайым мысал, кейбір аудан тұрғындары дәрігерге дейінгі тексерістен өтпейді. Тіпті, екі жыл бойы флюорографияға түспей жүргендер де бар. Ертен олардан туберкулез, онкологиялық аурулар анықталуы мүмкін. Біз болсақ, осындай тексерістер арқылы ауруды уақытында анықтап, ертерек тиісті ем-дом жүргізуге уақытымыз болады. Сондықтан, әр адам өз денсаулығы үшін жауапты болуы тиіс.

Мысалы, былтыр үш аудан тұрғынынан омырау безінің қатерлі ісігін анықтадық. Егер олар тексеріске келмесе, ауруды дер кезінде анықтай алмас па едік?! Бүгінде науқастар уақытылы ем қабылдап, оларға сәтті ота жасалды, — деді маман.

Сонымен қатар, былтыр ауданда үш тұрғыннан туберкулез анықталыпты. Бұл науқастар да жылдық тексерістен өтпей жүргендердің санатынан көрінеді.

— Солардың бірі — Алматыдан келген азамат. Өзі — Қарқаралының тумасы. Жұмыс бабымен Алматыға қоныс аударып, сол жакта қалып қойған. Кейін өкпесі ауырып, ауруды асқынған соң еліне оралды. Нәтижесінде, «туберкулез Қарқаралыда тіркелді» деп базаға енді. Тағы бір мысал, бір шаруа қожалығының иесі өз жұмысшысын алып келді. Ол өмірінде флюорографиядан өтпеген екен. Тіпті, құжаттары да жоқ болып шықты. Одан қала берді, бүгінде ауданда үш мыңнан астам тұрғын медициналық сақтандыруын төлемей жүр. Ертен сол адамдар бізге келеді ғой. Бірақ, ол кезде жағдай қиын болады. Себебі, барлық процестер тек компьютерлік база арқылы жүргізіледі. Егер медициналық сақтандыру төленбесе, біз ештеңе жасай алмаймыз, — деп еске салды Назира Ыдырысова.

Тағы бір айта кететіні, ауданда вакцинация мүлдем алмаған 80 бала бар екен.

— Балаға екпені ағзасын инфекциядан қорғау үшін саламыз. Бұрын қызылшаға шалдыққан көптеген бала көз жұмған. Соңғы жылдары да бұл ауру белең алып барады. Оған себеп — адам ағзасының әлсіреуі. Вакцинациядан бас тартқан ата-аналарға тек түсіндіру жұмыстарын жүргізуге ғана болады. Олар екіге сенбейді. Оны тек «химия» деп қабылдайды. Мысалы, манту сынағы кезінде баланың қолы ісіп кетеді ғой. Сол сәтте туберкулездің белгілері бар-жоғы міндетті түрде тексеріледі. Сол тексеретін бір пробаның өзі — 16 мың теңге. Ал, бір жылдың ішінде тек осы пробаға ғана 1 млн 600 мың теңге жұмсалады, — деді маман.

Қазіргі таңда қыз балаларға папилломаға қарсы вакцинация салу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Бүгінде аудан бойынша 600-ден астам бала екпе салдырмаған екен. Оның ішінде 273-і — 11 жастағылар десек, соның 26%-ы ғана екпе алыпты.

— Бұл екпе, негізінен, қыз балалардың даму кезеңінде, яғни 11-14 жас аралығында салынады. Папиллома егер жыныс мүшесінде пайда болса, жатыр мойны обырына әкеп соғуы мүмкін. Ал, дер кезінде емделмесе, салдарынан адам өмірін жоғалтуымыз ықтимал, — деді Назира Ыдырысова.

Қорыта айтсақ, Қарқаралы медицинасының жай-күйін жан-жақты зерделеп көрдік. Түйткілді мәселелер де жоқ емес. Сондықтан, жағдайдың жақсаруы үшін мемлекет қана емес, әр аудан тұрғынының жауапкершілігі де аса маңызды. Бар үміт — алдағы күннің еншісінде.

Суреттерді түсірген автор

• АГРОКЕШЕН

«Жайлау» жобасы жүзеге асырылуда

Қарағанды облысының орталық бөлігінде орналасқан Бұқар жырау ауданында 29 әкімшілік-аумақтық округ немесе 69 елдімекен бар. Ауданның жалпы жер көлемі 1 миллион 439 мың 320 гектарды құраса, соның 889 637 гектары ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер де, мұның ішінде 281 160 гектары егістік алқаптары, 26 809 гектары суармалы, 570 103 гектары жайылымдық және 22 272 гектары шабындық жерлер болып табылады.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұқар жырау ауданында 832 жер пайдаланушы, 14 834 аула шаруашылықтары, соның ішінде, жеке қосалқы шаруашылықтары бар 4 777 түтін тіркелген.

Әйтсе де, әлі де аудан тұрғындары үшін жайылымдық жердің жетіспеушілігі сезіледі. Өйткені, 2026 жылдың 1 қаңтарында олардың қолында 27 503 ірі қара, соның ішінде 16 797 сиыр, 15 886 жылқы, 37 439 қой мен ешкі барлығы есепке алынған.

– Міне, осыншама малдың жайылымға қажеттілігі мәселесін шешу үшін соңғы жылдары елімізде «Жайлау» пилоттық жобасы қолға алынып, жүзеге асырыла бастады, – дейді Бұқар жырау аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Манат Құрманғалиев, – Осы мақсатқа 2023 жылы аудан бюджетінен 94,4 миллион теңге бөлініп, ол қаражатқа Баймырза, Қарақұдық, Көкпекті, Белағаш, Жанаталап, Тоғызқұдық ауылдарында қажетті инфрақұрылымдары мен 6 жайлау учаскесі құрылып, олардың аумағы 20528 гектарды қамтыды.

Ал, 2024 жылы жобаны жүзеге асыру жалғасып, сол мақсатқа аудандық бюджеттен бөлінген 88,6 миллион теңгеге Самарканд, Шешенқара, Ростов, Үштөбе, Ботақара, Гагарин және

Қаражар ауылдық округтерінде 7 жайлау учаскесі құрылып, олар тиісті инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген.

Бұл жұмыс 2025 жылы да өрістеп, аудандық бюджеттен бөлінген 19,6 миллион теңгеге Петров және Үміткер ауылдық округтерінде тағы да 2 жайлау учаскесі құрылыпты.

Сөйтіп, 2023-2025 жылдары ауданның 15 ауылдық округінде жайлау учаскелері құрылып, мұның өзі 40 мың гектардан астам жайылымдық жерді тиімді пайдалануға мүмкіндік беріп, мал шаруашылығының тарихи маңызы мен мал өнімділігін де арттыруға ықпал еткен.

Енді биыл ауданның Ақөре және Ақтөбе ауылдық округтерінде де осындай 2 жайлау учаскесін құру көзделіп отырған көрінеді.

Ауданымызда жүзеге асырылып жатқан «Жайлау» жобасын жергілікті халық оң бағалап, қолындағы малын кең жайлауда бағуға мүмкіндік алып, соған қарай мал өнімділігі де арта түсіп, аяқты мал бұрынғыша ауыл маңын шиырлауды қойды, – дейді сөзінің соңында Манат Құрманғалиев.

Бұқар жырау ауданы

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ

• РЕСМИ

Оқшаулау бөлек жүргізілмейді

Қарағанды қаласындағы жылу желілеріндегі ашық, оқшауласыз қалған құбырлар – тұрғындар тарапынан жиі көтерілетін мәселелердің бірі. Алайда, биыл және алдағы жылы бұл бағытта жеке, нысаналы жұмыстар жүргізілмейді. Бұл туралы «Теплотранзит Қарағанды» ЖШС өкілдері мәлімдеді деп хабарлады eKaraganda.kz.

Компанияның түсіндіруінше, 2026 жылы шахтерлер астанасында тозған немесе мүлде жоқ жылу оқшаулауын қалпына келтіруге арналған бөлек бағдарламалар қарастырылмаған. Жылу желілеріндегі оқшаулау тек жөндеу науқаны аясында құбырлардың өзі толық ауыстырылатын учаскелерде ғана жаңартылады.

Ағымдағы жөндеу маусымында қаладағы жылу желілерінде жалпы ұзындығы 15,210 шақырымды құрайтын жұмыстар жоспарланған. Негізгі мақсат – жылумен жабдықтау жүйесінің сенімділігін арттыру және қалалық инфрақұрылым-

ды алдағы жылыту маусымына дайындау.

Дегенмен, нақты қай учаскелерде жөндеу жүргізілетіні әзірге белгісіз. «Теплотранзит Қарағанды» мәліметінше, проблемалы аумақтар гидравликалық сынақтардың қорытындысы бойынша анықталады. Бұл сынақтар жылыту маусымы аяқталғаннан кейін, яғни үйлерге жылу беру тоқтатылған соң, жылы кезеңде өткізіледі.

Аталған жұмыстарды жүзеге асыру үшін бекітілген тарифтік смета аясында шамамен 1,5 млрд теңге бөлу жоспарланып отыр.

Өз тілімізден

ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

«Қарағанды облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінде сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін сенім телефоны 21- 32- 06 жұмыс істейді.

д

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

Балқаш әуежайы – жаңа мүмкіндік

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Turkistan» газетіне берген сұхбаты ел дамуының жаңа бағыт-бағдарын айқындап берді. Мемлекет басшысы атап өткендей, Қазақстанда ауқымды әлеуметтік-экономикалық жаңғыру үдерісі жүріп жатыр. Сұхбат барысында Президент Арнайы мемлекеттік қор қаражаты есебінен елімізде жалпы құны 482 миллиард теңгені құрайтын 434 әлеуметтік және коммуналдық нысанның құрылысы жүргізіліп жатқанын айтты. Атап айтқанда, 227 сумен қамтамасыз ету, 183 денсаулық сақтау, 11 білім беру, 5 спорт және 8 инфрақұрылым нысаны салынууда. Сонымен қатар, Павлодар, Аркалық және Балқаш қалаларындағы әуежайларды жаңғырту жұмыстары қолға алынған.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл бастамалар Мемлекет басшысының өңірлерді теңгерімді дамыту, халықтың өмір сүру сапасын арттыру жөніндегі тапсырмаларының нақты көрінісі болып отыр. Әсіресе, көлік-логистикалық инфрақұрылымды дамытуға басымдық берілуі – елдің экономикалық және туристік әлеуетін күшейтудің маңызды тетігі.

Осы орайда әуе қатынасын дамыту мәселесіне де ерекше назар аударылды. 2026 жылғы 9 қаңтарда Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің бұйрығына сәйкес құрылған конкурстық комиссияның шешімімен «Астана-Балқаш-Астана» бағыты бойынша «Qazaq Air» акционерлік қоғамы жеңімпаз деп танылды. Аталған бағыттағы әуе билетінің бір бағыттағы құны



16 000 теңге болып белгіленді. Сонымен қатар, «Алматы-Балқаш-Алматы» бағыты бойынша конкурс өткізу, сондай-ақ Түркістан, Шымкент және Жезқазған қалаларынан Балқашқа әуе маршруттарын ашу жоспарланып отыр. Бұл қадамдар Балқаш қаласының туристік тартымдылығын арттыруға елеулі серпін бермек.

Айта кетейік, Мемлекет басшысының өңірлік көлік хабтарын дамыту және әуе қатынасы қауіпсіздігін арттыру жөніндегі тапсырмаларын орындау аясында Балқаш қаласының әуежайын реконструкциялауға Арнаулы мемлекеттік қордан 945 миллион теңге бөлінген болатын. Бұл туралы Үкіметтің баспасөз қызметі хабарлаған еді. Жөндеу жұмыстары әуежайды жаңғырту жолаушыларға қызмет көрсету сапасын жақсартуға және әуе айлағының

негізгі параметрлерін халықаралық стандарттарға сәйкестендіруге мүмкіндік береді. Нәтижесінде әуежайдың өткізу қабілеті 30 пайыздан астамға артады. Әуежайдың негізгі ғимараты мен қосалқы нысандарының шатырлары теңге бөлінген болатын. Әуежайдың негізгі желілері жаңартылды. Сондай-ақ, кәріз-сорғы стансасы, трансформаторлық қосалқы станса, желдету және жылыту жүйе-

лері іске қосылды. Бұдан бөлек, әуежай қызметін толық қамтамасыз ету мақсатында арнайы аэродром техникасын сатып алу жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі таңда аэродромдық өрт сөндіру көлігі, жылжымалы трап, шағын автобус және жанармай құю көлігі алынған.

БАЛҚАШ

Суреттер автордан

Туризмге не тұсау?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Маманның пікірінше, кадр мәселесін шешудің бір жолы – кәсіби сертификаттар мен қосымша дағдыларды дамыту. Университеттерде жасанды интеллект, цифрлық платформалар, CRM жүйелері бойынша курстар енгізіліп, шет тілдерін меңгеруге жағдай жасалуда. Бұл мүмкіндіктерді толық пайдаланған түлек еңбек нарығында әлдеқайда бәсекеге қабілетті болады.

– Қызмет көрсету сапасының өңірлер бойынша біркелкі болмауы да әсер ететін маңызды фактордың бірі. Кейбір туристік нысандарда сервистік қызмет халықаралық және ұлттық стандарттарға толық сәйкес келмейді. Сонымен қатар, туристік өнімдерді жүйелі түрде ілгерілету, заманауи маркетингтік және цифрлық құралдарды пайдалану деңгейі жеткіліксіз. Бұл жағдай өңірдің туристік тартымдылығын төмендетіп, бәсекеге қабілеттілігін әлсіретеді. Қарағанды облысының туристік әлеуеті айтарлықтай жоғары. Өңірде тарихи-мәдени мұра нысандары, сәулет ескерткіштері, мемориалдық кешендер, табиғи ландшафттар және индустриялық туризм объектілері жеткілікті. Алайда, олардың бірқатары туристік айналымға толық енгізілмеген. Жүйеленген туристік маршруттардың аздығы, инфрақұрылым мен сервиске қойылатын талаптардың біркелкі болмауы бұл мүмкіндіктердің толық іске асуына кедергі келтіруде. Туристік өнімдерді әртараптандыру, цифрлық платформалар арқылы ілгерілету және сервистік қызметтердің сапасын арттыру бағытында қосымша мүмкіндіктер бар, – деп мәлімдеді облыстың туризм басқармасы.

Сонымен қатар, экологиялық туризм табиғи аумақтарға қызығушылықтың артуына байланысты біртіндеп дамып келеді. Жазда рекреациялық және жағажай туризм, су айдындары орналасқан аймақтарда белсенді. Басқарма мәліметінше, алдағы уақытта туризмнің барлық түрін маусымаралық кезеңде де дамы-



туға бағытталған кешенді шаралар қабылдау жоспарлануда.

– Өңірдің туристік тартымдылығын қалыптастыруда кадрлық қамтамасыз ету сапасы мен сервис деңгейі шешуші рөл атқарады. Персоналдың кәсіби даярлығының жеткіліксіздігі, халықаралық және ұлттық қызмет көрсету стандарттарына толық сәйкес келмеуі туристік тәжірибенің сапасына және өңірдің жалпы имиджіне теріс әсер етеді. Осыған байланысты білікті мамандарды даярлауға бағытталған білім беру бағдарламаларын әзірлеу және олардың тәжірибемен үштастыру маңызды. Қарағанды облысында туризм саласы үшін мамандар даярлау жоғары оқу орындарында және техникалық, кәсіптік білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады. Атап айтқанда, «Туризм» бағыты бойынша бакалаврлар даярлау Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті және Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті базасында бар. Сонымен қатар, өңірдегі бірқатар колледждерде туристік агенттер мен менеджерлер даярланады. Дегенмен, кадр даярлау бар болғанымен, олардың практикалық дайындығы еңбек нарығының талаптарына толық сәйкес келе бермейді, – делі

облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы еңбек нарығын талдау және мониторинг бөлімінің басшысы Айнагүл Ермағанбетова.

Ресми деректерге сәйкес, Қарағанды облысының туризм басқармасына туристік нысандардағы қызмет көрсету сапасына қатысты шағымдар тіркелмеген. Десек те, бұл салада мәселе жоқ дегенді білдірмейді. Кадр тапшылығы экскурсиялық маршруттар санының шектелуіне, сервистік қызметтердің сапасының төмендеуіне, сондай-ақ, цифрлық және инновациялық шешімдерді енгізудің баяулауына алып келуде.

Ауылдық аумақтарда туризмді дамыту үшін инфрақұрылымды жетілдіру, шағын туристік жобаларды мемлекеттік қолдау, жергілікті халықты туристік сервис негіздеріне оқыту қажет. Агро және этнотуризмді дамыту, кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыру арқылы жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік бар. Әйткенмен, бұл бағыттардың барлығы білікті кадрларсыз жүзеге аспайды.

Қарағанды облысында туризмді дамытудың алдағы жылдарға арналған басты ба-сымдықтары ретінде туристік

инфрақұрылымды жаңғырту, сервис сапасы мен кадрлық әлеуетті арттыру, бәсекеге қабілетті туристік өнімдерді қалыптастыру, экологиялық және ауылдық туризмді дамыту, сондай-ақ, өңірдің туристік брендинг жүйелі ілгерілетуі айқындалған.

Сонымен қатар, эко және агротуризмді дамыту жөніндегі шаралар кешенін іске асыру, гастрономиялық фестивальдер мен жәрмеңкелер өткізу, этнотуристік ауылдар құру, гидтер мен экскурсоводтардың қызметін цифрландыру, МІСЕ-туризмді дамыту жоспарланып отыр. 2026-2028 жылдары жалпы құны 67 млрд теңгеден асатын 36 инвестициялық жобаны іске асыру көзделген.


Қарағанды облысында туризмді дамытуға барлық алғышарттар бар. Дегенмен, инфрақұрылым, инвестициямен қатар адам капиталына басымдық берілмейінше, туризмнің түтіні түзу ұшпақ емес. Туризм – ең алдымен сервис, ал, сервис кадрға тікелей тәуелді. Бұл тұрғыда «туризм кадрсыз дамымайды» деген тұжырым Қарағанды облысы үшін де өзекті болып қала береді.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ

• ЖАҢА КІТАП

Ақын болмысындағы Қарағанды

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Жаңа Қазақстанның әдеби-танымдық панорамасы» деп аталатын ауқымды жобасы бар. Жобаның мәні мен ерекшелігі мынада: ақын басқа өңірдің тарихын, табиғатын, тұлғаларын және басқа да кереметтерін жырлайды. Осы жоба аясында былтыр Қарағандыға павлодарлық белгілі ақын Еламан Қабділәшім келген еді. Ақынның кенді өлкенің қадір-қасиетін айшықтаған өлеңдері топтастырылған «Болмысымның бояуы» атты кітабы жарық көрді.



Эрик НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кітап «Қарағанды», «Қасым үйінде ой кешу... ішіме үңілу», «Жазу үстелі», «Жайықтың кітапханасында», «Серік Ақсұңқарұлымен кітап дүкеніне баруым туралы» атты өлеңдерімен басталады. Қарағандының бояуын айшықтаған өлеңдері шынайы сезіммен, әсіресе сағынышпен өрілген. Еламан Қабділәшім – Қарағандыны сағынатын ақын. Өйткені, осы шаһарда студенттік

өмірінің, жастық шағының бір кезеңі өткен. Ақын кеншілер шаһарын:

Қарағанды – өрісім,
Өлеңімнен от өрген.
Баспалдақсың мен үшін,
Шырқау шыңға көтерген, – деп қадір тұтады. Расында, Еламан Қабділәшімнің шығармашылық сапары Қарағандыдан басталды десек те болады. Содан кейін Алматыдағы әдеби ортаға барып, қаламының қарымын көрсете білген, өз толқынына ақын екенін дәлелдеген. Бүгінде есімі шынайы

поэзияны қадірлейтін талғампаз оқырманға етене таныс. Қарағанды – талайым, Мәртебелі бақ маған. Жер бетінің арайын Жер астында сақтаған.

Тұрар берік ұстап кім,
Биігінде ар жүгін?!
Өмір жолға ұқсаттым,
Бұқар жырау даңғылын, – деп тебіренеді ақын әріқарай. «Сапарбастау» деген өлеңінде: Қарсы алдымнан жанған шырақ,

Ізгілікке жол салады. Өзімді іздеп табу – мұрат, Қандай сапар болса-дағы, – дейді. Шығармашылық жолының баспалдағы болған Қарағандыға Еламан ақын өзін іздеп келгені анық. Өйткені, сол шақтардағы естеліктерде өрекіпген жүректің жалыны болады.

Қарағанды – ақын болмысының бояуы. «Болмысымның бояуы» кітабы олбыстың кітапханаларына жетті.

Суреттер ақынның жеке мұрағатынан

• ӨНЕР ӨРІСІ

Сахнаны тербеген сағыныш сазы

Әнмен өрілген жылдар артта қалғанымен, сол әуендермен бірге қалыптасқан рух, дәстүр мен сабақтастық ешқашан үзілмек емес. Кеншілер мәдениет сарайында жергілікті музыканттарды еске алуға арналған концерт өтті. Өңірдің ән өнерінің дамуына үлес қосқан тұлғалардың еңбегін ұлықтап, олардың шығармашылығын кейінгі буынға насихаттауды мақсат тұтқан концертке белгілі өнерпаздар мен вокалды-аспаптық ансамбльдер қатысты.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бағдарлама барысында отандық және шетелдік танымал әндер, аймақтық музыка мектебінің тарихымен тығыз байланысты шығармалар шығарылды. Сонымен қатар, концерт барысында әр жылдары қала сахнасында өнер көрсеткен, бүгінде бақилық болған музыканттардың өмір жолы мен шығармашылығына арналған бейнематериалдар ұсынылды.

– Уақыттың қалай зырғып өткенін ешбір өлшеммен өлшей алмаймыз. Бүгінгі концерт арқылы бір кезеңде Қарағанды музыкасының қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан, кейін көмескі тарта бастаған есімдерді қайта жаңғыртып отырмыз. Өткен ғасырдың 50-60-жылдарынан бастау алған кәсіби музыка-

лық дәстүр, сол жылдары қалыптасқан гитаристер мектебі мен «Квант» сияқты ұжымдар бұл өңірде берік өнер мектебінің негізін қалады. Өңіріміздің музыка өнеріне сіңірген еңбегі бар өнерпаздардың есімі ешқашан ел жадынан ұмытылмайды. Ал, олардың қалдырған әндері мен шығармашылық жолын біз секілді тәлім алған шәкірттері сахнада қайта жаңғыртуды өзімізге парыз санаймыз, – деді кештің басты қонағы, еңбек сіңірген қайраткер Ерлан Көкеев.

Концерт көрермендер тарапынан жоғары бағаланып, кеш соңында барша қауым өнерпаздарға ұзақ қол соғып, ілтипат көрсетті. Әр буын өкілдерінің бірлесіп өнер көрсетуі өңір өнерінің үзілмеген сабақтастығын, дәстүр мен жаңашылдықтың табиғи үйлесімін айқын аңғартты.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ЖОБА

Батыл жүректерді біріктірген

Биыл «Батыл жүрек» инклюзивті би ұжымына 5 жыл толды. Осыған орай «Бір сахна – бір жүрек» атты мерейтойлық концерт өтті. Өнерпаздар өнер сүйер қауымға өнерлерін көрсетіп, 5 жылда жинаған тәжірибелерін паш етті.

Эрик НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Батыл жүрек» – әр баланың сахнада өз орнын табуына мүмкіндік беретін инклюзивті жоба. Ұжым қорының бастамашысы әрі құрылтайшысы – Гауһар Акижанова. Ол – ерекше қажеттілігі бар баланың анасы. Сол себепті осындай жобаны қолға алған. 2020 жылдың қыркүйегінде Қарағанды қаласында басталған бұл жоба бүгінде жүздеген бала-

ның өміріне үміт пен сенім сыйлауда.

– Концертімізді тамашалауға студенттер келіпті. Бұл – біз үшін зор қолдау. Себебі, жастар ең шынайы көрермен деп есептеймін. Ал, шынайы көрерменнің қолдауы өнерпаздарға шабыт береді, келешекке деген үміт отын лаулатады. Осы жастар да алдағы уақытта еліміздің белді, беделді

мамандарына, азаматтарына айналып, көмекке мұқтаж жандарға көмек қолын созатынына сенемін, – деді Гуһар Акижанова.

Жоба аясында адаптивті және инклюзивті спорт бағыттары да дамып келеді. Адаптивті бағытта тэквондо, жүзу және бочка секциялары ашылып, жергілікті атқарушы органдармен ынтымақтастық орнатылған.

Айнагүл Әубәкірованың да баласы би ұжымының белді өкілі. Ол баласының өнерге құштар болып, соның арқасында қабілеттері дамып келе жатқанын айтты.

– Бұрын ол мүлде сөйлей алмайтын. Вокал үйірмесіне барған кезде тек «Кузнечик» әнін ғана

айтатын. Ал, қазір патриоттық та, балаларға арналған әндерді де айтып жүр. Балалардың сахнаға шыққан сәтіндегі ата-аналардың қуанышын сөзбен жеткізу мүмкін емес. Мұны тек осында келіп, өз көзіңмен көру керек. Камера арқылы оны толық сезіну де, түсіну де қиын. Бұл – шынымен де, ауқымды, әсерлі іс-шара. Барлық қайырымдылық қорларына, басшыларына тек сәттілік тілеймін! – деді Айнагүл Әубәкірова.

Бес жыл ішінде «Батыл жүрек» тәрбиеленушілері «Қазақконцерт», Орега Arena сахналарында өнер көрсетіп, облыстық және қалалық байқаулардың лауреаттары атанды.

• ФУТБОЛ

Айласын асыра алмады

Араға апта салып, қарағандылық «Шахтер» футбол клубы алдағы маусымға дайындық жұмыстарын жалғастыру үшін Түркияға қайта оралды. Бұл жолы екінші оқу-жаттығу жиыны Белек қаласында өтпек. Оқу-жаттығу жиындары аясында жерлестер негізгі құрам ойыншыларын анықтап, тактикалық шыңдау мақсатында төрт жолдастық кездесу өткізбек. Бүгінде жерлестер алғашқы кездесуінде Өзбекстанның «Андижон» клубына қарсы ойнады. Алайда, қос тараптан ойын ережесі жиі бұзыла бергендіктен, литвалық бас төреші Орестас Абрамвичюс кездесуді 55-ші минутта тоқтатты. Ал, есеп – 0:0.

Эрбол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы, оқу-жаттығу жиындары ақпанның 12-сіне дейін жалғасады. Жиын барысында жаттықтырушылар штабы команда сапына жаңадан қосылған жас футболшылардың әлеуетін байқап көрмек.

Допты ойынға қосқан – қарағандылықтар. Жерлестер допка иелік етіп, оң қапталдан тактикалық тұрғыда шабуылды бастап кеткен. Алайда, қарсыластар мұндай шабуылға дайын болып шықты. Шабуылға нүкте қойып, допты өздерінде қалдырды.

17-ші минутта «Шахтер» шабуыл-

шысы Владислав Прокопенко қарсылас қақпасының жақын тұсынан айып добын орындаған болатын. Қақпаға қарай әуелете көтерілген допка әріптесі Тимур Рудосельский бірінші болып жетіп, қақпаға соққы жасады. Доп қақпадан қисық кетті. Одан кейін доп осындай айып добы 28-минутта орын алды. Бұл жолы да Владислав допты ойынға қосып, әріптестеріне пас асырған. Бұл жолы қарсыластар қорғаныста сауатты ойнап, қарымта шабуылға көшті. Шабуыл барысында қарсылас команда ойыншысы Доннер Абдуманнопов допты өзіне қабылдап, алға ұмтылды. Алаңның ортасындағы қос «Шахтер» ойыншы-



сын қапы қалдырып, оң қапталдап барып, допты алаңның ортасына асырған. Бұл жерлестер үшін қауіпті еді. Десе де,

«Шахтер» қорғаушылары – орнында. Әуелете көтерілген допты кері қайтарып үлгерді.



Одан кейін қос команда ойыншылары жиі ойын ережесін бұзумен болды. Одан бөлек, допка талас барысында жарақат та алып жатты. Қысым да күшейіп, ойын шиеленісе түсті. Ал, бұны бақылап жүрген бас төреші ойынның 55-ші минутын да кездесуді тоқтатып тастады. Осылайша, жерлестер бірінші барлау магчында нәтиже тіркеген жоқ.

Барлау магчытары барысында жерлестер Ресей мен Өзбекстан клубтарына қарсы ойнайды. Ал, қарағандылықтардың алғашқы қарсыласы – «Андижон» клубы еді.

Аталған клубтың тарихы тым әріде. 1964 жылы ресми клуб болып құрылғалы бері 1997 атауы тоғыз мәрте ауысыпты. Ал, 1997 жылдан күні бүгінге дейін «Андижон» атауымен аталып келеді. Содан бері бұл клуб Өзбекстан Про-лигасының үш дүркін чемпионы, 2024 жылы Өзбекстан кубогының жеңімпазы атанған. Былтыр Өзбекстан Суперлигасын XI орынмен тәмамдаған.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
А.Ә. СОВЕТ
Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 күәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ый.

Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJBKZXX БИН 000840001412

Тарапымы 4 013

№13 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Эрбол ЕРБОЛАТ